

Үкімет басшысы О.Бектенов:

ӨМІР СҮРУ САПАСЫ ТАЗА АУЫЗ СУҒА ТІКЕЛЕЙ ТӘУЕЛДІ

Осы аптадағы Үкімет отырысында әрбір тұрғын үшін маңызды сапалы ауыз су мәселесі қаралды.

Баяндама жасаған Өнеркәсіп және құрылыс министрі Е.Нағаспаевтың баяндауында еліміздегі 90 қаланың бүгінде 73-і ғана ауыз сумен толық қамтамасыз етілген. Ал, қалған 17 қала жыл соңына дейін 100% қамтамасыз етіледі деген жоба бар екен. Өкініштісі ауылдар туралы айтқанда 260 шағын елді мекен әрі күнге құдық суын пайдаланады. Ал, алыс ауылдар суды тасып ішеді.

Ағыл-тегіл су ішіп, ішкенімізден қалғанын есік алдына сеуіп, бақша суғарып жүрген біздер үшін әлі күнге құдықтан су ішеді деген сенімсіздеу көрінетіні рас. Тіпті Министрдің өзі де “Бүгінде қала халқының 99,3% және ауыл тұрғындарының 97,5% ауыз сумен қамтамасыз етілген. 10 өңірде бұл көрсеткіш 100%-ға жетті. Бұлар –

Алматы, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Жетісу және Ұлытау облыстарының қалалары мен Маңғыстау облысының ауылдары деп, мақтанғанда Қызылорданың 100% сумен қамтылғаны қалалар қатарында аталғанына естіп, біліп біз де марқайдық.

Қызылорда қаласының өзіндік бір ерекшелігі КНС-тер. Қалдық суды сыртқа шығарудың басқа амалы жоқ. Әрі Қызылорда көріз тазарту құрылғылары Министр баяндағандай “50-60-шы жылдары салынып, қазірде орташа тозу деңгейі 65%-ға жеткендер” қатарында.

Үкімет отырысынан белгілі болғанындай, биыл осы бағытты жаңарту жүргізу үшін республикалық бюджеттен 25 млрд. теңге қаржы бөлінсе, соның 720 млн. теңгесі Қызылорда қаласының көріз тазарту құрылғыларын жаңартуға қаралған.

Үкімет басшысы О.Бектенов осы жиында «Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – аса маңызды әлеуметтік міндеттердің бірі. Бұл мәселе Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. Қажетті қаражат республикалық бюджетте көзделген. Сонымен қатар заңсыз шығарылған активтерді елге қайтару жөніндегі Президент тапсырмасы аясында сумен жабдықтау бойынша 230-ға тарта жобаны іске асыру үшін Арнаулы мемлекеттік қордан қосымша 160 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Тұрғындардың өмір сапасы таза ауыз суға тікелей тәуелді. Сондықтан елді мекендерді сумен қамтамасыз ету – Үкіметтің басым міндеттерінің бірі», - деп атап өтті

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев:

БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ – САПАЛЫ АУЫЗ СУДЫ ТОЛЫҚ ЖЕТКІЗУ

Осы үкімет жиынына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, баяндама жасады.

- “2024 жылдың қорытындысы бойынша облыс халқын орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі 98,6 пайыз болды.

Өңірде орталықтандырылған ауыз су жүйесіне 9 ауылдық елді мекен қосылмаған.

Оның 5-еуін топтық су құбырына қосу және 4-не ішкі су жүйелерін салу жоспарланған.

Өзіңіздің тікелей қолдауыңызбен қажетті қаржы бөлініп, бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Осы жылы Президентіміздің халықты 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамту тапсырмасы толық орындалады”, - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Әкім тапсырмасы: «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында 2025 жылдың соңына дейін ел тұрғындарын 100 пайыз таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырды. Осыған сәйкес, біздің басты міндетіміз – жыл соңына дейін өңір тұрғындарына сапалы ауыз суды толықтай жеткізу. Тапсырманың мерзімінде орындалуын қамтамасыз етіңіздер.

Жаз мезгілінде ауыз су қысымына тұрғындар жиі шағымданатыны белгілі. Осыған байланысты 1 апта ішінде тұрғындарға ауыз судың жеткізілуі мен көрсетілетін қызметтің сапасын тексеріп, тиісті рейдтік іс-шаралар ұйымдастырыңыздар. Бұл ретте ешқандай олқылық болмауы тиіс. Судың қысымын тұрақты бақылауда ұстап, үздіксіз берілуін қамтамасыз етіңіздер.

Қала, аудан әкімдеріне, облыстық басқарма, аумақтық департаменттер мен инспекция басшыларына қатаң ескерту жасаймын, өз аумақтарыңыздың тазалығын сақтау, көгалдандыру, көркейту және абаттандыру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырыңыздар», - деді облыс әкімі.

Бүгінде Мемлекет басшысының қалалардағы көріз тазарту станцияларын жаңғырту жөніндегі тапсырмасына сәйкес арнайы Жол картасы бекітіліп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Қызылорда қаласында қуаттылығы тәулігіне 70 мың текше метр биологиялық тазарту станциясын жаңғырту қолға алынған.

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

ОСАЛ ТОПТАҒЫ ОТБАСЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Қаланың сол жағалауынан салынған 60 пәтерлік тұрғын үйден әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларға пәтер кілті табысталды.

Салтанатты рәсімге Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеубетов, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы Н.Нәлібаев жаңа қоныс иелерін құттықтап, құттықтау соңында.

- «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты екенін атап өтті. Бұл мақсатта ауқымды жұмыс атқарылуда. Соңғы үш жылда облысымызда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына 4 мыңға жуық пәтер, жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтарға пәтерлер сатып алынып, 9 мыңға жуық отбасы үйлі болды.

Биыл ұлтұмымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдығы кең көлемде атап өтуде. Мерейлі жыл аясында сәулеті белгіскен әсем де заманауи ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне айналуда. Бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 50 млрд. теңге бөлініп, 2 765 пәтер табысталады. Бүгін осы жұмыстардың нәтижесі мен қуанышты сәтіне

өздеріңізбен бірге жетудеміз. Бұл – мемлекеттің қолдауын сезініп, баспаналы болуға ниет еткен әрбір отбасы үшін ерекше күн! Баспаналы болу ата-ананы да, балаларды да жақсылыққа жетелейді. Жаңа қоныстарыңыз татулық пен берекеңіз ордасына айналсын!», – деді.

Рәсімде мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Сенат депутаты Наурызбай Сейтқалиұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Абдуламжитұлы құттықтау сөз сөйледі.

Аймағымызда Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 МВт жаңа жылу-электр орталығы салынууда. Президенттің Қатар еліне жұмыс сапары аясындағы үкіметаралық келісімге сәйкес, қуаттылығы 1100 МВт, құны 892 млрд теңге болатын бу-газ қондырғысын салу келісілді. Бұл мегажоба 2028 жылы толығымен іске қосылады.

Бүгінде Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлеріне ыстық су қосылуда. Алдағы жылу беру маусымында пәтерлер ыстық сумен қамтамасыз етіліп, жыл соңына дейін газдандыру деңгейі 83 пайызға жеткізіледі.

2023-2025 жылдары 1 232 шақырым автомобиль жолдары мен көшелерді, 18 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 121 млрд. 500 млн. теңге бөлініп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыз болды. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.

АУЫЛДАҒЫЛАРДЫҢ АХАТОВҚА АЙТАРЫ АЗ БА?

БЕЛКӨЛДІҢ ЖАСТАРЫ ЖАРАП ТҰР

Жаз жайлау, қыс қыстауда қоңырқай тірлік көшіп жатқан ауыл халқының шешімін таппай жүрген мәселелері де аз емес. Соның ішінде ауылдағы жол, жарық, тұрғын үймен қамту жайы, халықтың әлеуметтік жағдайы рет-ретімен шешіліп жатыр деп айтқанымызбен, әлі де шешімін күткен түйткілдер тізбектеулі. Бұл төңірегінде Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың ауылдағы ағайынмен болған аққарқын кездесуінде анық аңғардық.

Қала әкімінің биылғы халықпен есепті кездесуіне Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы Ибадулла Құттықожаев, депутаттар және қалалық бөлім басшылары қатысты.

Әкімнің қалаға қарасты Белкөл кентінде болған халықпен кездесуінде басы ашық мәселелер пен байыпты бастамалар әңгіме өзегіне айналды. Шаһар басшысын жылы шыраймен қарсы алған дүйім жұрттың жүзінен ел ертеңіне деген үміт пен сенім ұшқыны сезіледі. Қала аумағында атқарылып жатқан жұмыстар нәтижесіне деген ықыласы да ерекше.

- «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының, Үкіметтің ерекше қолдауы, аймақ басшысының үйлестіруінің арқасында байыпты бастамалар мен жарқын жобалар сәтті жүзеге асып келеді. Оның нақты дәлелі - осыдан үш жыл бұрын аймақ бюджеті 364 млрд. теңгені құраса, бірлескен жұмыстың нәтижесінде өсім 206 пайызға жетті. Яғни, бюджет көлемі 750 млрд. теңгеден асты. Мұның ішінде қала бюджеті де үш жыл бұрын 73 млрд. теңге болса, бүгінде оның көлемі 139,4 млрд. теңгеге жетті. Өсім 190,9 пайызды құрады. Бұл ауқымды қаражаттар ең өзекті деген мәселелерді шешуге және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда. Жыл санап өңірімізде сәулеті мен сәні келіскен жаңа ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне табысталып жатыр. Атап айтқанда, әлемдік стандарттарға сай келетін Орталық стадионның, ең іргелі және өңірімізге аса қажетті Қызылорда жылу электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. «Достық үйінің», «Қызылорда арена» спорт кешенінің іргесі қаланып, жұмыс қыза түсті. Президентіміздің идеясы – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қаламызда заманауи екі мектеп ашылды. Үш мектептің құрылысы биыл аяқталып, оқушыларды қабылдайтын болады. Мұнымен қоса кенттер мен ауылдық

округтерде амбулаториялар мен дәрігерлік пункттер бой көтеруде. Салынуы жоспарға енгізілген медицина нысандары өлі де бар. Сондықтан бұл салаға қолдау жалғаса береді. Сол сияқты елдімекендерді газдандыру бойынша өткен жылы қалаға қарасты Аққарма ауылдық округі көгілдір отынға қосылды. Қазір Сабалақ саяжайына газ желісі тартылууда. Биыл бұл саяжай толық газбен қамтылатын болады. Одан бөлек Бірқазан елдімекені, Қызылөзек ауылдық округіне газ желісін жүргізуді бастаймыз. Қала аумағында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады», - деді қала әкімі.

Қазіргі таңда аталмыш ауылдық округте тұратын халық саны 4786 адамға тең. Оның ішінде экономикалық белсенді халық саны 2107 адам болса, 393 адам өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар санатына кіреді. Сонымен қатар жұмыссыздар саны 8 адам болса, 1712 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Жалпы 2024 жылы Белкөл кентіне 256,2 млн. теңге қаржы қаралған. Оның ішінде кенттің инфрақұрылымын дамыту бағытында 205,5 млн. теңге бөлінді.

Кентте кәсіпкерлік саласында да ілгерілеушілік байқалады. Бұл тұрғыда 2024 жылдың 12 айында 126 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 141 тұрақты жұмыс орны ашылған. Бүгінде жалпы саны 464 шағын кәсіпкерлік субъектілері нақты жұмыс жасайды. Оның ішінде заңды тұлға 44 болса, 399 жеке кәсіпкерлер мен 21 шаруа қожалықтары бар. Сол сияқты 2024 жылы «Бизнес-Бастау» бағдарламасы аясында 18 тұрғын оқу курсын аяқтап, қайтарымсыз грантқа өтініш берсе, 8 тұрғын 11 млн. 800 мың теңгенің грант иегері атанған.

Бұдан өзге 2024 жылы жалпы құны 2 521,0 млн. теңгені құрайтын 25 жоба қаржыландырылған. Атап айтқанда «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» АҚ арқылы 6 пайызбен «Іскер» бағдарламасы аясында жалпы құны 16 млн. теңгені құрайтын 4 жоба, «Ағарлық несиесі корпорациясы» АҚ арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында 6 % несиеге жалпы құны 5 млн. теңгені құрайтын 1 жоба, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында екінші деңгейлі банктер арқылы жалпы құны 2 452,0 млн. теңгені

құрайтын 7 жоба қаржыландырылған. Сол сияқты «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жалпы құны 45,8 млн. теңгені құрайтын 6 жоба, Инновациялық грант аясында 4,9 млн. теңгеге 1 жоба қаржыландырылды.

Кентте ақылы қоғамдық жұмыс, жастар тәжірибесі және әлеуметтік жұмыс орындарына тарту бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілген. Өткен жыл шеңберінде аз қамтылған 79 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, кент тұрғындарын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық амбулатория алғашқы көмек беру, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілген.

Ауылшаруашылығы бағытында да өсім бар. Нақты айтқанда, мүйізді ірі қара – 885 бас, жылқы – 539 бас, қой – 217 бас болса, ешкі тұқымы 363 басты құрайды.

Кенттің инженерлік инфрақұрылымын дамыту бағытында атқарылған жұмыстардың ауқымы кең. Атап өтсек, бұған дейін республикалық бюджеттен қаралған 72,1 млн. теңгеге кенттегі Жеруық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне (4370 м) электр желісі тартылса, қалалық бюджеттен бөлінген 62,4 млн. теңгеге Көбдіқадыров көшесіне (1930м) жаяу жүргіншілер жолы салынған. Бұған қоса, 27,9 млн теңгеге Бірлік және Путьцев көшелеріне, 16,8 млн. теңгеге К.Өбдіқадыров 4 және К.Өбдіқадыров 6 көшелеріне 600 м жерге, 11,2 млн. теңгеге Бірқазан елді-мекеніне түнгі жарық бағаналары орнатылып, 11 млн. теңгеге Бірлік көшесіне, 2 млн. теңгеге Бірқазан елдімекеніне балалар ойын алаңы салыныпты.

Осы орайда кентті абаттандыру жұмыстарына бөлінген 2 млн. теңгеге Орталық, Бірлік көшелеріне түнгі жарық шамдары және К.Өбдіқадыров көшесіне 3 жерге аялдама, кіру қақпасы (арка) орнатылғанын айта кету керек. Қазіргі уақытта 6,5 млн. теңгеге кенттегі 12 көшеде электр желілерін қайта жаңғырту үшін қалалық құрылыс бөлімі арқылы жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтінім ұсынылыпты.

- «Жалпы ауылда мәселе көп екенін білеміз. Алдағы уақытта атқарылар жұмыстар ауқымы да кең. Өздеріңіздің талаптарыңызға байланысты кенттегі мектеп пен бірқатар тұрғынуылардың төбесіне шатыр жабылды. Қандай да бір мәселелер туындаса ауыл әкімі баяндап отыр. Елдің мәселесі бір сәтке де

Жыл сайын қала, ауыл әкімдерінің халық алдында есеп беріп, елдің мұң-мұқтажын, талап-тілектерін тыңдап, түйткілді мәселелерді шешудің тиімді тетіктерін қарастыруы көптің қолдауына ие болып келеді. Бұл, әсіресе ауылдағы ағайын үшін бірінші кезекте әкімдермен жүзбе-жүз кездесудің оңтайлы сәті болып саналса, екіншіден көкейкесті сұрақтарын көлденеңнен қойып, түйткілді мәселелерді ауызба ауыз жеткізуге мүмкіндіктерін арттырып тұр.



ескерусіз қалмайды», - деді шаһар басшысы.

Жалпы мемлекеттен қолдау күтіп отырмай, туған ауылын көркейтуге белкөлдiктердiң өздерi де атсалысып жүр. Соның айғағындай, ауыл жастарының ықпалымен кенттен орталық ойын алаңы салынып, ел игілігіне пайдалануда. Бұл бастамаға қала әкімі қолдау танытып, зор ризашылығын білдіріп жатты.

- «Ауылымызды көркейту, дамыту бағытында әкімдік тарапынан атқарылып жатқан толайым тірліктерге ризашылығымыз шексіз. Соның ішінде көшелерімізді көгалдандыру, ғимараттар мен жолдарды жөндеу жұмыстарына көңіліміз тоқ. Дейтұрғанмен, көзек күттірмейтін атқарылуы тиіс жұмыстар өлі де бар. Осы орайда ауыл халқының атынан ауылымыздың электр бағаналарына қатысты мәселе өлі де бар. Сондай-ақ, екі-үш көшеміз әлі күнге дейін жарықтандырусыз тұр. Ең бастысы, тұрғынұй алу кезегіне қатысты мәселе ұшығып барады. Нақты айтқанда, ауылдың кейбір тұрғындары 2005 жылдан бері тұрғын үй салуға жер кезегінде тұрмыз. Мәліметке сәйкес, жер кезегінде 1200 адам бар. Бұған

дейін белгіленген аумаққа 1200 тұрғын үй салу үшін белгіленген аумақтың инфрақұрылымы да сатылған екен. Бірақ тиісті жұмыстар әлі нақты басталар емес. Осы мәселе шешімін тапса деген тілегіміз бар. Сонымен қатар осы қазір жиналып тұрған жеріміз 2006 жылдан бері жекенің меншігінде болып келді. Соңғы кездері мемлекет меншігіне қайтарылғанынан хабардармыз. Соның нәтижесінде ауыл жастары ойын алаңын салып, игілігімізге пайдаланып жүрміз. Осы орайда бұл жердің аумағын кеңейтіп, ауыл халқына бас қосып, мерекелік шаралар өткізетін орталық алаң салынса екен. Бір сөзбен айтқанда, ауыл халқына ойын алаңын салып берген жастарымыздың бастамасы жарасымды жалғасын тапса деген ұсынысымызды айтқымыз келеді», - дейді кент тұрғыны Дариха Бегалиева.

Бұдан өзге ауыл тұрғындары тарапынан жол, жарық, әлеуметтік мәселелер төңірегінде сұрақтар қойылып, тиісті сала басшыларының жауабы берілді. Қала әкімі белкөлдiктердiң талабы тасада қалмайтынын жеткізді.

(Жалғасы 5-8 беттерде)

ХАБАРЛАМА!

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылдық округі, «Атжайған» учаскесі	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	жеңіл саздақты	Жайылымы 41 га, басқа алқаптары 9 га	10	Мал шаруашылығы	Жоқ
2	Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылдық округі, «Бестам» учаскесі	155	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	құмдақты	Жайылымы 124 га, басқа алқаптары 31 га	16	Мал шаруашылығы	Жоқ
3	Жалағаш ауданы, Қаракөтен ауылдық округі аумағы	2000	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	орташа сазды	Жайылымы 1817 га, басқа алқаптары 183 га	3	Мал шаруашылығы	Жоқ
4	Жалағаш ауданы, Қаракөтен ауылдық округі аумағы	1500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	орташа саздақты	Жайылымы 1367 га, басқа алқаптары 133 га	8	Мал шаруашылығы	Жоқ

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылғы «18»шілде сағат 9⁰⁰ - ден бастап 2025 жылғы «31» шілде сағат 19⁰⁰ - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12 мекен-жайындағы Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2025 жылғы «1» тамыз күні сағат 11⁰⁰ - де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде;

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаны немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды

көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықишілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2025 жылғы 1 тамыз сағат 11⁰⁰ - ге дейін ашуға болмайды» деген сөздер жазылады.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің орналасу сызбасын Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен көруге болатындығын хабарлаймыз. Байланыс телефоны: 8(72431) 31-8-70.

ИЗВЕЩЕНИЕ!

ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ, ВЫСТАВЛЕННЫХ НА КОНКУРС ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА ПО ЖАЛАГАШСКОМУ РАЙОНУ, КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

№	Расположение земельного участка	Площадь земельного участка, гектар	Целевое назначение земельного участка	Право землепользования	Качественная характеристика лена	Состав угодий	Балл бонитета	Сельскохозяйственная специализация региона	Возможность обесечения воздой
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағашский район, Жаңадарияський сельский округ, участок «Атжайған»	50	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	легкосуглинистая	Пастбища 41 га, прочие угодья 9 га	10	Животноводства	Нет
2	Жалағашский район, Жаңадарияський сельский округ, участок «Бестам»	155	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	песчанник	Пастбища 124 га, прочие угодья 31 га	16	Животноводство	Нет
3	Жалағашский район, территория сельского округа Каракөтен	2000	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	среднеглинистая	Пастбища 1817 га, прочие угодья 183 га	3	Животноводство	Нет
4	Жалағашский район, территория сельского округа Каракөтен	1500	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	среднесуглинистая	Пастбища 1367 га, прочие угодья 133 га	8	Животноводство	Нет

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалағашского района» по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3 с 9⁰⁰ часов «18» июля 2025 года до 19⁰⁰ часов «31» июля 2025 года.

Проведение конкурса начнется с «1» августа 2025 года в 11⁰⁰ часов в зале заседаний акимата Жалағашского района по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Айтеке би №12.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 11⁰⁰ часов «1» августа 2025 года».

Сообщаем, что схему расположения земельных участков, выставленных на конкурс, можно посмотреть в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалағашского района», расположенном по адресу: Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3.

Контактный телефон: 8(72431) 31-8-70.

2025 жылдың ІІІтоқсанында Қармақшы ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің аты –жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің лауазымы	Қабылдау жүргізетін күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Естараев Аязбек Тайжанович	Қармақшы ауылдық округі әкімі	Апта сайын Сәрсенбі, бейсенбі күні: сағат 17.00-19.00-ге дейін	Қармақшы ауылы, Сейфуллин көшесі, №6 үй	26-2-65
Сенім телефоны 8(72437)26-2-65					

«Жіңішкеқұм ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 2025 жылдың ІІІ тоқсанына жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні, лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жай	Байланыс телефоны
«Жіңішкеқұм ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Әлішев Мұхансерік Қуандықұлы ауыл әкімі	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері (сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін)	Арал ауданы Токабай ауылы, Қ.Бердімағанбетов көшесі №128 үй	8(724 33-4-40-01)

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Мұхамбет Мадияр Ардақұлының 26.02.2024-17.05.2024 жыл аралығында “OTAN-ARAL” ӨӨО ЖШС-ында “В” санатындағы көлік құралдары жүргізушісіне оқығаны жөнінде берілген сериясы QZ №0339954 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	

ТОҒЫЗДЫҢ БІРЕУІ АЗАЙДЫ

немесе облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Аралға арнайы іс-сапары

Кешегі аптада аралдықтар үшін тағы бір жақсы жаңалық болды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Аралға арнайы іс-сапары барысында Арал ауданына қарасты Ақбасты елді мекеніне ауыз су қосу рәсімі өтті. Басқосуға Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындардың өмір сапасын арттыруда атқарылған жұмыстарға тоқталып, құттықтауын жеткізді.

— «Бүгін - аралдық ағайын үшін айтулы күн. "Ақбасты" ауылына таза ауыз су қосамыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт

Арал ауданында барлық саланың даму қарқыны жыл сайын артып келеді. Екі жыл бұрын аудан бюджеті 10,1 млрд. теңге болса, бүгінде 22 млрд. теңгеден асты. Соңғы үш жылда 80 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды.

Аудан халқының 71 пайызы көгілдір отынның игілігін көруде. Аралдың Сыр беткейіндегі елді мекендерін газдандыру үшін Қамыстыбас елді мекенінен автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы басталды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы 10 мектептің 2-уі Арал ауданында салынды. Жаңа оқу жылында Сексеуіл кентіндегі «Жайлы мектеп» пайдалануға беріледі.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 3 амбулатория іске қосылды. Аталған жоба аясында Арал көпбейінді аудандық ауруханасының қосымша ғимараты мен жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысы басталды. Облыстық бюджет қаржысына Сексеуіл кентінен 40 төсектік аурухана салынып, емделушілерге қызмет көрсетуде.

Өткен айда аралдықтар көптен күткен аспалы көпір ел игілігіне табысталды.

Кемелұлы Үкімет пен облыс әкімдеріне мемлекет тарапынан жасалған барлық қолдауды тиімді пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыру, тұрмыс-тіршілігін жақсарту жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Өткен жылдың қорытындысымен орталықтандырылған ауыз суға қосылған халық 98,6 пайызға жетті. Биыл 9 елді мекенге ауыз су тартып, облыс тұрғындарын орталықтандырылған ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз етеміз. Оның ішінде, Арал ауданындағы Ақбасты, Абай, Тоқабай, Ерімбетжаға, Тастүбек

елді мекендеріне 12 млрд. 700 млн. теңге бөлінді.

Бүгін өздеріңізбен бірге Ақбасты ауылының тұрғындарына ауыз су қосу рәсімінде бас қостық. Жоба құны 3 млрд. 100 млн. теңге. Бұған дейін тұрғындар ауыз суды жерасты құдығынан тасымалдап, тұтынып келді. Енді сол қиыншылықтардың барлығы артта қалды. Президентіміздің қолдауымен ауыз су әрбір тұрғын үйге жеткізілді.

Ауыл тұрғындарын орталықтандырылған ауыз судың қосылуымен құттықтаймын!», - деді Н. Нәлібаев.



Рәсімде Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов пен Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтап, қоғам қайраткері, Имамдин Оңғарбаев бата берді. Ауданның дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар мен ауыз су тарту жұмыстарын сапалы әрі мерзімінде жүргізген мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Елді мекенді ауыз суға қосу рәсімінен кейін аймақ басшысы тұрғындармен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыт-бағдары, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы барысы туралы айтып, ой-пікірлерді тыңдады.

ЖАЛАҢАШТЫҢ ЖАҢА МЕКТЕБІ-НІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ. Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аймағымызда 3 мың орындық 6 мектеп ел игілігіне берілді. Тағы 4 мектептің құрылысы аяқталып, олар жаңа оқу

ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті», - деген болатын. Шәкірттерімізге сапалы білім, саналы тәрбие беруге бағытталған жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Аймағымызда соңғы үш жылда білім беру саласына бөлінген қаржы 304 млрд. 600 млн. теңге болып, 32



жылы қарсаңында ел игілігіне табысталады. Атап айтқанда, Арал қаласында бой көтерген 300 орындық №292 орта мектеп жыл басында пайдалануға берілсе, алдағы күндері Сексеуіл кентіндегі «Жайлы мектеп» оқушыларды қарсы алады.

Мемлекет басшысы "Жайлы мектептер" салумен қатар жалпы білім беретін мектептер құрылысын салуды, оларды күрделі жөндеуді, жаңғыртуды жалғастыру қажеттігін де жергілікті билікке тапсырған болатын.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Аралға іс сапар барысында Арал ауданына қарасты Жалаңаш елді мекеніндегі 150 орындық мектептің іргетасын қалау рәсімі өтті. Оған Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов және зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты құттықтап, басталған іске сәттілік тіледі.

— «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. Жеті түрлі

пайызға артты. Біздің ең бірінші міндетіміз - балаларымыздың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы 4 мектепке 1 850 орындық қосымша құрылыс салу есебінен үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. 2024 жылы Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, жергілікті бюджет, жеке инвестор есебінен 13 білім беру ұйымы пайдалануға берілді.

Алаш арысы Міржақып Дулатовтың Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды, - деген жақсы сөзі бар. Жаңа бой көтеретін білім ошағынан болашақта алдыңғы буынның ізгі жолын жалғайтын, ел үмітін ақтайтын білімді, талантты шәкірттер шығатынына сенімдіміз! Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болғай!», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Шарада Берік Әбдіғалиұлы құттықтау сөз сөйлеп, Мөргенсай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық кеңесінің төрағасы Әсемхан Аққалиұлы батасын берді. Сондай-ақ, Тоқабай ауылындағы демеушілер қолдауымен салынған 100 орындық жаңа мектеп ашылуға дайын.

«РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ. Арал қаласындағы «Руханият орталығының» ашылу рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов және зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

«Руханият жылы» деп жарияланып, мәдени-көпшілік шаралармен бірге көптеген ауқымды жобаларды жүзеге асырдық.

Облыс орталығында Қызылорданың көзайымына айналған «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Өнер» орталығы» салынып, ел игілігіне берілді.

МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕ ҒИМАРАТТАРЫ-НЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Әрі қарай облыс әкімі жапсаржайдағы жұмыс қарқынын көрді. Құрылыс «Иман» ЖШС



Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, мәдениет саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

— «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы "Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып

Бүгін өздеріңізбен бірге Арал ауданындағы «Руханият орталығын» ел игілігіне табыстаймыз. Орталықта ақ жаулықты аналарымыз, ардақты ардагерлеріміз бен жігерлі жастарымыз бір жерде бас қосып, ұрпақтар сабақтастығын жалғайды. Баршаңызды «Руханият орталығының»

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Аралға жұмыс сапары кезінде көпбейінді аудандық орталық аурухана ғимаратын жаңғырту жұмыстарымен, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында қолға алынған жапсаржай құрылысымен танысты.

Аурухана ғимаратын «СМП Қызылорда» серіктестігі қайта жаңғыртуда. Бас жобалаушысы «Мекен және Компания», ал техникалық қадағалауды «Шебер Құрылысшы» серіктестігі қамтамасыз етеді.

Екі қабатты ғимаратта 21 төсектік инсульт, 21 төсектік кардиология бөлімі, сондай-ақ МРТ және КТ кабинеттері қарастырылған. Бұл бөлімшелер тұрғындарға сапалы және жедел медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Қазір нысанның қабырғасы қалануда. Құрылыс сәуір айында басталған. Жоспар бойынша 8 айда аяқталуы тиіс.



мердігерлігімен, «БС Строй Холдинг» ЖШС жобалауымен, «СК Энерго-OIL» серіктестігінің техникалық қадағалауымен жүргізілуде. Қыркүйек айының соңына дейін пайдалануға берілімек. Ғимарат 25 төсектік инфекциялық бөлімшеге арналған. Мұнда жұқпалы ауру жұқтырған науқастарды оқшаулап емдеуге барлық жағдай жасалады.


Бүгінде іргетасы құйылуда, құрылыс барысы кестеге сай.



біледі. Біз – Ұлы далада тамыр жайған бірегей мәдениеттің заңды мұрагеріміз. Қазақ жерінен шыққан қайталанбас өнер иелерінің теңдессіз туындылары тұтас ұлтты тәрбиеледі. Қазір төл мәдениетіміз дүние жүзіне танылып жатыр», - деген болатын. Өткен 2024 жыл өңірімізде

салтанатты ашылуымен тағы да құттықтаймын!», - деді Н.Нәлібаев.

Биылғы жыл басынан бастап аудандарда "Руханият орталықтары" пайдалануға беріле бастады. Солардың соңы Арал Руханият орталығы да халыққа қызметін бастады.



БИЛІК ТЕ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР ДА ҚАРАП ҚАЛЫП ЖАТҚАН ЖОҚ

Мемлекет басшысы айтып жүрген “Әділетті Қазақстанның” негізгі тірегі – заң мен тәртіп. Тәртіп болмайынша, заң сақталмайынша әділеттілік салтанат құра алмайтыны анық. Кешегі аптада атап өтілген “Полиция күні” мерекесінде Президент Қ.Тоқаевтың қатысуымен құқық қорғау жүйесінің бүкіл қызметкерлері мен ардагерлерінің басы қосылған “Заң мен тәртіп” деп аталатын үлкен алқа мәжілісі өтті.

Нәтижесінде қазір құқық қорғау саласының жұмысын зерделеп жатқан, әрі Президент алқаға жиналғандарға міндет еткен 4 міндеттің біріншісі заң және тәртіп қағидатын жаппай дәріптеуге бағытталған “Заң мен тәртіп” апталығы өтуде. Жалпы заңсыз жүрген, тәртіпке бағынбаған кезіміз жоқ. “Тәртіпке бағынбаған құл болмайды” деген баяғыдан бар. Сондай-ақ Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Өз Тәукенің жеті жарғысы есте бар.

Мемлекет басшысы айтады: “Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Сондай-ақ, тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну – әркімнің өмір салтына айналуға тиіс”.

Өкінішке орай, өмірде бәрі бұлай емес. Заңсыздық, тәртіпсіздік жөнінде ел ішінде әңгіме көп. Әрі сол алуан әңгімелердің ұшы заң мен тәртіп қызметкерлеріне барып тіреледі.

Бірінші міндетті орындауда екінші міндеттің маңызы ерекше сияқты.

Құқық қорғау саласындағы тәртіпсіздікті, жауапсыздықты, жемқорлықты азайту үшін “бірдей қылмыстық әрекет мүлде әртүрлі бағаланатын және азаматтарды қылмыстық процесске негізсіз тартатын жағдайды болдырмау үшін” жасанды интеллект технологияларын енгізу қажет. Жыл басынан бері Президент әкімшілігіне сотқа дейінгі іс жүргізу мәселесі бойынша 3000 шағым келіп түскен. Адам қараса бұл шағымдарды қабылдап алудың өзіне көп уақыт кетеді. Цифрлық технология болмаса алыс ауылдан жазылған шағымыңыздың өзі Ақордаға алты айда жетері сөзсіз.

жөндеу жүргізіліп, толықтай жаңартылған. Орталықтың басқару залына бейнебақырға, операторларға арналған 15 автоматтандырылған жұмыс орны мен жаңа жиһаздар қойылған. Мұнан бөлек заманауи құрал-жабдықтармен толықтырылып, бейнеконференц байланыс жүйесі іске қосылған.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу үшін аймақта жергілікті бюджет есебінен бірқатар жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. Атап айтқанда, 1400 бейнебақылау камерасы, 20 «Зияткерлік қиылыс» және 58 стационарлық жылдамдық өлшегіш, жасанды интеллектке негізделген бейнеаналитикалық жүйе орнатылады.



Демек, Қызылордада елдегідей жасанды интеллектің көмегімен қаладағы ахуалға тәулік бойы бейнебақылау жүргізіледі. Қай кездегідей қай істе де, еліміздегі өңірлер арасында бірінші болып жүретін әдемімізбен бұл істе де республикада алғашқы болып, тіпті аудандық полиция бөлімдерінде жедел басқару орталықтарын ашып тастадық. Кешегі полиция күні мерекесінде “Өнер орталығында” осы мерекеге

қаралып, материалдық-техникалық база заманға сай жаңғыртылуда.

Әр тәртіп сақшысы заң мен әділдіктің айнасы болып, әділетсіздік пен немісқайшылыққа жол бермеуі керек. Бір қызметкердің салғырттығы бүкіл жүйенің беделіне нұқсан келтіреді. Алдағы уақытта да полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, тұрғындардың тыныш өмір сүруін қамтамасыз етіп, қылмысқа қарсы күресті қарқынды жалғастырып, жұмыс сапасын арттыра түседі деп сенемін - деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Расында да 2023 жылдан бері полиция департаментінің аттестациядан өткен қызметкерлеріне облыс бюджетінен 2 млрд. теңгеге жуық үстемәкі төленіпті. Қауіпсіздікті күшейту және жедел әрекет ету үшін бейнебақылау камераларының саны артқан. Аудандарға 539 бейнебақылау және 49 жылдамдық өлшейтін камера орнатылған. Соңғы жылдары полицияға заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған 128 жаңа автокөлік берілген. Биыл тағы 31 қызметтік көлік пен арнайы құрал-жабдықтар тағы алынады.

Демек, полиция жағдайы жаман емес. Тек, Мемлекет басшысы айтқандай “олар бүгінгі уақыт үдерісіне бейімделе білуі керек”.

Аймағымызда тағы бір игілікті іс-шара өтті. “Өнер орталығында” өткен “XXI ғасырдың қаржылық тригерлері” форумы Мемлекет басшысы алқада арнайы тоқталған “интернет және телефон алаяқтығының алдын алумен” үйлесім тапты. Форумда сөз сөйлеген аймақ басшысы қоғамдағы күрделі мәселелерді таңқылап, алдағы бірлескен маңызды міндеттерді айқындау мақсатында атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

– «Цифрлық шешімдер жылдам дамыған уақытта азаматтарымыздың

құқықтарын қорғаудың, қаржылық сауаттылығын, құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы артты.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның, әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз», - деп нақты міндеттерді белгілеген болатын.

Биыл 1 сәуірде Үкімет қаулысымен «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітіліп, нақты міндеттер белгіленді.

Бұл басқосуда Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Руслан Сатыбалдиев, дінтанушы Нұрлан Асанов, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов, Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Аслан Кеңес баяндама жасап, қаржылық сауаттылықтың маңыздылығына тоқталды. Қоғам дәртіне айналған құмар ойынға әуестіктің қауіпті екені айтылды.

Іс-шарада облыс тұрғындарының қаржылық сауаттылығын арттыру, қаржы пирамидалары мен лудоманияға қарсы күрестің алдын алу бағытында белсенді әрі нәтижелі еңбек еткен азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Демек, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде олардың алаяқтарға алданып қалуын болдырмау үшін билік те, құқық қорғау органдары да қарап қалып жатқан жоқ.

Осы бағытта аймағымыздағы Қаржы мониторингін ағеттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінде “Ашық есік күні” өтті. Оған ардагерлер, журналистер, белсенді жастар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Шараның басты мақсаты – қоғаммен ашық әрі сенімді байланыс орнатып, департаменттің қызметі, міндеттері және заманауи тәсілдерімен таныстыру. Қатысушылар интернет-алаяқтық, қаржы пирамидалары, «дропперлік» қылмыстар сынды жаңа сипаттағы қаржылық құқықбұзушылықтармен күресте қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер туралы тың ақпарат алды.

Бас қосуда облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Аслан Кеңесұлы сөз сөйлеп, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

Жалпы, халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге жан-жақты қараған жөн. Бүгін мен «Заң және тәртіп» апталығын жариялауды ұйғардым. Осы апта қоғамда заң мен тәртіпті насихаттау аптасы болмақ. Алдағы жеті күн құқықтық мәдениетті нығайтуға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының абырой-беделін арттыруға арналуы керек. Алайда, бұл бір реттік акция емес. «Заң және тәртіп» апталығына азаматтардың құқықтық сана-сезімін көтеретін маңызды, жүйелі шара ретінде қараған жөн.

күніне орай БАҚ өкілдеріне алғыс айтып, марапаттады. Сондай-ақ аналитикалық талдау бөлімінің басшысы Қайрат Ахметов презентация жасап, бейнематериал көрсетті. Онан бөлек сала ардагерлеріне сөз беріліп, олардың пікірлері тыңдалды.

Шара барысында қатысушыларға арналған шағын интерактивті ойын ұйымдастырылып, қаржылық сауаттылық тақырыбына арналған аналитикалық, практикалық және мотивациялық сұрақтар қойылып, қатысушылар пікірталасты.

Кеш соңында ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға алғыс айтып, қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат құралдарымен және жастармен бірлескен жұмысты жалғастыруға ниетті екендерін білдірді.

...Көптеген құқық бұзушылық ұқсас жағдайда, бірдей факторлардың әсерінен орын алады. Тиісті деңгейде талдау жасалса, оны дер кезінде ауыздықтауға болады. Басқаша айтқанда, қылмыс қауіпін болжау және оған қарсы іс-қимыл жүйесін қайта қарау керек. Ол үшін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің өлеуетін толық пайдаланған жөн. Аталған ведомство жай ғана есеп сақтайтын орын емес, қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қауіп-қатерді анықтайтын және ескертумен айналысатын орталық болуға тиіс.

...Мысалы, қазір елімізде іске қосылған «Заң мен тәртіп» платформасын Электронды үкімет пен танымал банк қосымшалары арқылы қолдануға болады. Осы цифрлық платформаның арқасында азаматтарымыз полицияға тікелей және жедел түрде хабарлама жолдай алады. Осылайша, кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем тезбеушілік» қағидатын іс жүзінде жүзеге асыруға ықпал етеді.

...Бұдан бөлек, «Қауіпсіз қала» ұлттық платформасын іске қосу керек. Бұл – қаладағы бейнебақылау құралдары енді адамның бет-жүзін анықтап, оның жүріс-тұрысына талдау жасап, көшедегі көлікті де есепке алады деген сөз. Мұндай озық технологиялар түрлі заңсыздықтарды алдын алуға мүмкіндік береді, сол арқылы қоғамдық тәртіпті нығайта түседі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

Күні кеше Қызылорда облысы әкімі Н.Нәлібаев Қызылорданың құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге Қызылорда қалалық полиция басқармасы жедел басқару орталығының ғимаратына жүргізілген күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Қазіргі уақытта жедел басқару орталығының ғимаратына күрделі

арналған салтанатты жиын өтті. Осы жиынға қатысқан аймақ басшысы Н.Нәлібаев өз құттықтау сөзінде құқық қорғау саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл

алмағанда – 128%-ға, яғни екі еседен астамға (26-дан 58-ге) өсті. Ақтау үкімдерінің бұлайша көбеюі соттар жұмысындағы айыпту жағының азайғанын көрсетеді.

Тергеу органдарының қамауда ұстауға санкция беру туралы өтінішхаттарын қанағаттандыру көрсеткіші айтарлықтай төмендеді. Егер 2024 жылы соттар өтінішхаттардың 76,6%-ын қолдаса, биыл – 63,5%-ы ғана.

А.Мерғалиев бұл көрсеткішті тергеу соттары 2018 жылы құрылған бергі бүкіл жұмыс кезеңінде рекордтық көрсеткішке жеткен судьялардың тәуелсіздігінің көрсеткіші деп атады.

Соттар сотқа дейінгі сатыда электронды білезіктерді белсенді қолданады: 2025 жылы – 1740 күлдікте қолданылған. Бұл бүкіл 2024 жылмен салыстырғанда екі есе дерлік көп (954).

Ол қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне шағымдарды қараудың соттардың оң практикасы туралы баяндап, соттар қанағаттандырылған шағымдардың үлесі 31,8 пайыздан 36 пайызға дейін өскенін атап өтті. Бұл сот бақылауының жақсарғанының көрсеткіші болып саналады.

Сонымен қатар, соттар қамауға алудың баламалы шараларын таңдауда оң нәтиже көрсетуде. Мәселен, есепті кезеңде соттар тергеу органдарына қарағанда 6 есе көп (соттар – 1842, органдар – 304) ұйқамалқа алуды таңдады. Жоғарғы Сот Төрағасы сотталғандар үшін жазаны алмастыру институттарын қолдану практикасы бөлігіндегі оң динамикаға тоқталды: есепті кезеңде шартты түрде мерзімінен бұрын босату (ШМБ) туралы өтінішхаттардың қанағаттандырылуы 32,4%-дан 37%-ға дейін ұлғайған, жалпы алғанда жазаны ауыстыру (ЖА) және ШМБ қолданылу көрсеткіштері тұрақтылығы соттар жұмысының тұрақты мониторингісіне ықпалын тигізді.

А.Мерғалиев Жоғарғы Соттың ШМБ және ЖА туралы өтінішхаттарды қарауға арналған цифрлық өнімдерді енгізу туралы бастамасын жариялады:

Біз сотталғанның цифрлық файлының сақталуын қамтамасыз ететін цифрлық платформаның жұмыс істеу алгоритмін ұсындық, ол шартты түрде мерзімінен бұрын босату және ЖА туралы өтінішхатты электронды түрде беруді, роботтың көмегімен сот практикасын талдауды, оны сотта онлайн қарауды қамтамасыз етеді. Бастама қолдау тапты, өйткені оны іске асыру қарау мерзімін қысқартуды және ең бастысы, сот шешімдерінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

Әкімшілік әділет саласында талап қоюлардың 7,3%-ға өскені байқалады – мүлтіксіз даулар, мемлекеттік сатып алулар, сәулет және қала құрылысы бойынша даулар көбірек. Талап қою қайтаруларының 3%-ға артуы татуласу және талап қоюды қайтарып алумен байланысты, соңғысы көп жағдайда даудың іс жүзінде аяқталуын білдіреді.

Талап қоюлар бойынша (жеке сот орындаушыларының талап қоюларын қоспағанда), азаматтар мен бизнестің пайдасына қабылданған шешімдердің 57,8%-ы, орталық мемлекеттік органдарға қойылған талап қоюлардың 49%-ы қанағаттандырылды, жергілікті атқарушы органдарға қатысты бұл көрсеткіш 66%-ды құрады.

Ең көп қанағаттандырылған талап қоюлар жер (73%), тұрғын үй (72%), салық (57%) даулары және қоршаған ортаны қорғау (57%) бойынша болды.

Жазбаша іс жүргізудегі істер бойынша 16%-ға, биылғы жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша аумақтан тыс соттылықты қолдану бойынша 64%-ға (202 іске дейін) және шығарылған ақшалай айыппұлдар 1%-ға өсті.

Апелляцияда сот актілеріне түзетулер 3%-ға, кассацияда - 2%-ға азайды. Кәсіпкерлерден түскен 4 мың талап қоюдың жартысы сот арқылы бизнестің пайдасына шешілді.

Кассациялық саты жергілікті соттар қабылдамаған шешімдердің 33%-ын (185-тің 61-і) түзетті.

Жоғарғы сот органының басшысы атап өткендей, Жоғарғы Сот биылғы жылы көптеген жүйелі жұмыстар атқарды, соның арқасында мемлекеттік органдардың назары инвестициялық дауларды соттан тыс реттеуге ауысты.

Нәтижесінде, астананың МАӨС-на түскен инвесторлық талап қоюлардың саны екі есеге жуық қысқарды (92-ден 54-ке дейін); кассациялық сатыда сот 4 іс бойынша тараптарды татуластырды.

Жоғарғы Сот Төрағасы 2025 жылдың басынан бері жанадан құрылған кассациялық соттардың материалдық-ұйымдастырушылық жұмыс істеуін қамтамасыз ету, республика бойынша сот ғимараттарын салу және жөндеу, цифрландыруды дамыту бойынша қабылданған шараларды атап өтті.

Сөзінің соңында А.Мерғалиев сот жүйесіндегі жүйелі реформалардың оң үрдісіне, құқықтарды қорғаудағы сот билігінің шешуші рөліне тоқталды.

Алдағы міндеттер ретінде Президенттің соттарға деген сенімді арттыру, істерді ашық, объективті және әділ қарау жөніндегі тапсырмаларын орындау атап өтілді.

Адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету, процесске қатысушылардың дауларды шешу саласына қанағаттану деңгейін үнемі зерделеу басым бағыттар болып табылады.

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ТАСАДА ҚАЛЫМАЙДЫ

ТАСБӨГЕТТІКТЕР ТАЛАБЫ - ЕМХАНА ҒИМАРАТЫ

Бір жылдары қалаға қарасты Тасбөгет кентінің тар көше, тарпаң жолдары жергілікті жұртшылықты толғандыратын еді. Жыл сайын есепті кездесуде тұрғылықты халық бір түйеге жүк болатындай талаптарын ортаға салып жататын. Уақыт өте келе кенттің қазіргі жағдайы көш ілгерілегенін кезекті есепті жиында анық аңғарылды. Шындығында да қала әкімімен кездескен сәтте халықты толғандырған мәселелер байқалмады. Бұл облыс орталығымен іргелес жатқан кентте басы ашық мәселе жоқтың қасы дегенді аңғартса керек. Оның ішінде кентішілік жолдар, көркейту-кеғалдандыру, жарықтандыру жұмыстарына көптің көңілі тоқ.

Кезекті халықпен кездесуде Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов тасбөгеттік жамағатқа өткен жыл шеңберінде атқарылған өрелі істерді жан-жақты баяндап өтті.

Жалпы өткен жылы Тасбөгет кентінің бюджеті 541,9 млн. теңге болып бекітілсе, биыл 456 млн. теңге болып қалыптасты.

Кентті көркейту, дамыту бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Жол мәселесіне келсек, өткен жылы 98,3 млн. теңгеге кенттегі Ө. Оразбаев көшесінің 1,8 шақырым жеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілсе, әлеуметтік нысандар орналасқан 6 көшеге 115 млн. теңгеге жаяу жүргіншілер жолы салынды. Бүгінде 20,8 млн. теңгеге ағымдағы жол жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 79 млн. теңге абаттандыру жұмыстарына қаралып, жұмыстар жалғасуда.

- **«Нақты кезеңде Сабалақ елді мекенінде орамшілік газ желісінің құрылысы бастау алды. Бұл жұмыстардың 1-ші, 2-ші кезеңіне және жеткізуші газ құбырына салуға 2024 жылы барлығы 319,4 млн. теңге бөлінген. Ал, биыл 106,4 млн. теңгеге бұл жұмыстар өз жалғасын табаду. Сондай-ақ, биыл 33,8 млн. теңгеге кенттегі Өткелбаев, Жангелдин, Жанкин, Әбілқасымов, Сейфуллин, Мамбетов көшелері жарықтандырылады. Сол сияқты кенттегі жаңа бейіт құрылысын аяқтауға 42,3 млн. теңге, тұрғын үйлердің шатырын жөндеуге 80,9 млн. теңге, Сабалақ елді мекенінде ауыз су ұңғымасының құрылысының ЖСҚ әзірлеуге 10,0 млн. теңге, кентте орналасқан бас су тарту құрылымын жаңғырту жұмыс жобасының сараптамашының оң қорытындысын алуға 5,6 млн. теңге және жоба сметалық құжаттарын әзірлеуге 9,9 млн. теңге бөлінді. Бұған қоса кенттегі №8 бағыттағы қоғамдық көліктер жеке кәсіп иелеріне тиесілі болған. Қазіргі уақытта «Қызылорда Автобус паркі» ЖШС тарапынан сыйымдылығы жоғары көліктер беріліп, белгіленген уақыт аралығында қатынауда. Кенттің өзекті мәселерімен таныспын, ол жұмыстар да, кезең-кезеңімен өз шешімін табатын болады», - деді қала әкімі.**

Тасбөгеттіктерді толғандырған түйіткілдер рет-ретімен шешіліп келеді. Дегенмен, арагідік болса да шешімін күткен мәселелер қылтылп көрініп қалып жатады. Соның ішінде кенттегі жаңа бейіттің аумағын қоршалару жұмыстарын

жүргізу өз кезегін күтіп тұр. Бұл тұрғыда ағымдағы жылы жаңа бейіттің аумағын қоршау үшін 42,3 млн. теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесімен «SM ORDA GRUPP» ЖШС жеңімпаз танылған. Бүгінде мердігер мекемемен тиісті жұмыстар жүргізіліп, алдағы күндері аяқтау күтіліп отыр. Сонымен қатар Сабалақ саяжайын ауыз сумен толыққанды қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен – 188,7 млн теңге, қалалық бюджеттен – 200,3 млн теңге қаржы бөлінген. Жоба бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы 2025 жылғы 9 маусымда жарияланып, нәтижесінде «Авангард ПГС» ЖШС жеңімпаз болып танылған. Алдағы уақытта белгіленген жұмыс жоспарға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Ең бастысы, тасбөгеттіктерді №4 қалалық емханаға жаңа ғимарат салу ісі толғандырады. Қала әкімі халықтың талабына сәйкес емхана құрылысын салу үшін белгіленген 1 гектарға жуық жер учаскесіне 350 орындық типтік жобадағы емхана құрылысын жүргізу жоспарланып отырғанын жеткізді. Қазіргі таңда, белгіленген жер учаскесінің бір бөлігі жеке тұлғаға тиесілі болғандықтан, мемлекет мұқтажына қайтару жұмыстары жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Сол сияқты Наурыз, Тасарық және кенттегі жалғыз басланасы апатты деп танылған 27 тұрғын үй иелерін реттілік бойынша жаңа пәтерлерге көшіп қамтамасыз ету жайы сөз болды. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 74-бабының 1-бөлігіне сәйкес, мұқтаждар есебінде тұратын азаматтарға тұрғын үй өтініш берілген кезден бастап тізімде белгіленген кезек ретімен беріледі. Аталған үйлер «KZ Құрылыс сараптама», «TechPower Build», «МунайГазИнжиниринг» ЖШС-не жүгініп, эксперттік сараптама қорытындысы бойынша апаттық деп танылған.

Өз кезегінде қоғамдық көліктер қатынайтын көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі де көтерілді. Негізінен 2024 жылы қоғамдық көлік қатынайтын Ө. Оразбаев көшесіне қалалық бюджеттен 87,0 млн. теңге бөлініп, асфальт жабындысын төсеу жұмыстары аяқталған. Сондай-ақ, кенттегі қоғамдық көлік қатынайтын М. Шоқай, А. Құнанбайұлы, Қ. Өбенов және С. Олжабайұлы көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары үшін 2023 жылы ЖСҚ әзірленген болатын. Бұл жобаның құны 328,0 млн. теңгені құрайды. Алайда, бүгінде сараптама қорытындысының мерзімі өтіп кетуіне байланысты, жобаға түзету енгізуге қаржы қарау жөнінде бюджеттік өтінім берілгені мәлім болды.

Мұнымен қоса кенттегі Тасарық шағын ауданындағы №8, Ө. Молдағұлова №39А, Ж. Маханбетов №31 үйлерінің шатырларын ауыстыру жұмыстары назардан тыс емес. Аталған жұмыстар үшін қалалық бюджеттен 23,6 млн. теңге қаржы қаралып, тиісті жұмыстарды жүргізу көзделуде.

Кездесуде халық тарапынан қойылған барлық сұрақтар жауапсыз қалмады. Қала әкімі елдің мәселесін електен өткізіп, барлық түйіткілдер кезең-кезеңімен шешілетінін жеткізді.



АҚСУАТТЫҚ АҒАЙЫНДЫ ЖАРЫҚ МӘСЕЛЕСІ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

Қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округінде жыл он екі ай шеңберінде атқарылған жұмыстардың ауқымы кең. Ауыл халқы да нәтижелі жұмыстардың игілігін көріп отырғанын жасырмайды. Әкім аялдаған кезекті ауылдан халықтың шынайы ризашылығы байқалды.

Негізінен Ақсуат ауылдық округінің өткен жыл басындағы бюджеті 322 млн. 706 мың теңге болып бекітіліп, 1 млрд. 225,7 млн. теңгеге дейін ұлғайыпты. Ал, биыл 788 млн. теңге қаралып отыр. Қала басшысының тұрғындар алдындағы есебі осы қарқында бастау алды

- **«Өткен жылдың өзінде кенттің инфрақұрылымын дамыту бағытында атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз. Атап айтар болсақ, ауылдық округтегі 7 көшеге жол жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сол сияқты тағы 4 көшеге қалалық бюджеттен 17,0 млн. теңгеге түнгі жарық бағаналары орнатылды. Ал А.Найзағареев пен Е.Адыранова көшелерінің бойына қалалық бюджеттен 5,6 млн. теңгеге спорт-жамтығу алаңы салынса, 5,1 млн. теңгеге балалар ойын алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Өз кезегінде елді мекен тұрғындарын аяқ сүйем қамтамасыз ету мақсатында 2,2 млн. теңгеге трансформатор жынымдағы сатып алынды. Ауыл кәсіпкерлерінің демейшілігімен ауыл орталығында орналасқан Тағзым алаңының кіре берісіне арқа салынды. Н.Төребаев көшесінің бойына екі қатар 500 дана ағаш қошеті егіліп, қоршау жұмыстары жүргізілді. Ауылдық округ инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар биыл да өз жалғасын табады. Өздеріңізге белгілі, өткен кездесулерде тұрғындар көтеріп келген мәселелер өз шешімін табаду», - деді халық алдында ишаар басшысы.**

Келелі кездесуде «елдің мәселесі қалай шешіліп жатыр?» деген сауал жиылған жамағатты елен-алан күйде қалдырғаны

ҚЫЗЫЛЖАРМАҒА ҰҢҒЫМА ҚАЖЕТ

Қызылжарма ауылдық округінде де қызу тірліктің табы сезілде. Әкімнің ауылдағы ағыммен жүзлесуінде көптеген жайттерге қанық болдық.

Жалпы өткен жылдың өзінде ауылдың инфрақұрылымын дамыту бағытында 798,4 млн. теңге бөлініп, бірқатар жұмыстар атқарылыпты.

«Атап айтқанда ауылдық округте «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында 737,9 млн. теңге қаржы қаралып округтегі 6 көшеге күрделі жол жөндеу жұмыстары жүргізілсе, жергілікті бюджеттен бөлінген 5,0 млн теңгеге Дүйсенбиев, Мұратбаев, Новая көшелеріне түнгі жарық бағаналары орнатылды. Сол сияқты жергілікті бюджеттен қаралған 2,5 млн. теңгеге ауылдағы балалар ойын алаңдарына ағымдағы жөндеу жұмыстары қолға алынса, жергілікті бюджеттен қаралған 2,4 млн. теңгеге ауылдық округтегі көшелерге ағымдағы (ямочный) жол жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұған қоса өткен жылға ауылдағы санитарлық тазалық жұмыстарына 2,2 млн. теңге және округтегі түнгі жарықтандыруды күтіп ұстауға 40,2 млн. теңге қаралып, тиісті жұмыстар жүйелі жүргізілді. Сол сияқты «Өңірлерді дамыту» аясында 8,2 млн. теңгеге Сералиев, Сексенбаев тұйықтарына тас төсеу жұмыстары атқарылды. Бұл бағыттағы жұмыстар биыл да өз жалғасын табады», - деді халықпен кездесуде қала басшысы.

Әкім өз кезегінде биылғы жылы Қызылжарма ауылдық округіндегі түнгі жарық бағаналарын күтіп ұстауға қалалық бюджеттен 43,3 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Сонымен қатар ауылдың бірқатар көшелеріне түнгі жарық бағаналарын орнатуға қала бюджетінен 9,8 млн. теңге бөлінсе, ауылдық округтегі «Тағзым алаңын» абаттандыруға 25,2 млн. теңге қаржы қаралып, толығымен абаттандыру, жарықтандыру жұмыстары толық жүргізілгенін жеткізді. Бұдан бөлек биыл ауылдық санитарлық-тазалығын қамтамасыз етуге бағытталған 20,2 млн. теңгеге жоспарлы

белгілі. Қала әкімі бұл мәселеде де тиісті жауабын көлденең тартты.

Бұған дейін ауыл халқын алаңдатқан Байтен және Стамбек көшелеріне жол жөндеуге бюджеттен 100,6 млн. теңге бөлініп, тиісті жұмыстар толығымен аяқталыпты. Бұған қоса өткен жылы 32 көшені электр желілерімен қамту мақсатында республикалық қазынадан 74 млн. теңгеге құрылыс жұмыстары бастау алған. Бұл жұмыстарды биыл жалғастыруға қосымша 573 млн. 051 мың теңге бөлініп отыр екен. Осы орайда құрылыс жұмыстары толық аяқталғаннан кейін электр желілерімен қамтымай қалған 22,5 шақырым болатын жаңадан қоныстанушы тұрғындардың мәселесі де шешімін табады деп күтілуде.

Елді мекенде жол құрылысына қатысты келеңсіздіктер де кезең-кезеңімен шешімін таба түскен. Билттер осы мақсатта ауылдың қоғамдық көліктер қатынайтын басты көшелері – П.Тлепбаев, А.Найзағареев, Б.Жүсіпбеков, Канал-2 көшелеріне республикалық қазынадан 100 млн. теңгеге жол құрылысы басталса, биыл қалған 616 млн. 756 мың теңгеге жол жөндеу жұмыстарын жалғастыру көзделуде.

Сонымен қатар ауыл көшелерін жарықтандыру ісінде де қарқын бар. Бұл тұрғыда қалалық бюджеттен қаралған 11 млн. 232 мың теңгеге 1,22 км болатын А.Арысбаев, Орманбаевтар, О.Жақенов көшелеріне түнгі жарық бағаналары орнатылып жатыр. Бұл жұмыстарды жүргізу жеке кәсіпкер «Е. Құттыбекұлы» және «Titonpp» ЖШС-нің еншісіне берілген. Сондай-ақ, биыл 1 млрд. 346 млн. теңгеге (ҚБ) 18 көшеге жол құрылысы жүргізіліп, 315,62 млн. теңгеге (ҚБ) 4 көше қайта жаңғыртудан өткізу жоспарланып отыр.

Есепті жиында халықтың есебі де ескерусіз қалмады. Тұрғындардың талап-тілегі тыңдалып, әрбір сұраққа тұщымды жауаптар берілді.

АҚЖАРМАДА ТОЗҒАН ЖЕЛІЛЕР ЖАҒАРА МА?



Қала әкімі Нұржан Ахатовтың кезекті халықпен кездесуі Ақжарма ауылдық округінде жалғасын тапты. Қай кезде де ақжарқын мінезді ақжармалықтар шаһар басшысын жылы шыраймен қарсы алды.

Ауыл қақпасына кіргеннен нөсер құйды. Табиғаттың тосын сыйын ауыл халқы жақсылықтың нышанына балап жатты.

Ауылдың орталық алаңына жиналған дүйім жұрт әкімнің жыл бедерінде атқарылған жұмыс жайында берген есебін ұйып тыңдады.

Қалаға қарасты ауылдар ішінде бұл округтегі елді мекенде атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз.

Ерекше атап өтетін жайт, өткен жылы ауыл тұрғындарының көптен күткен қуанышы - 1,3 млрд. теңгеге (РБ) ауылды табиғи газға қосу жұмыстары қарқын алған. Нәтижесінде мердігер «СМП Қызылорда» ЖШС-гі табиғи газбен

жабықтау жұмыстарын елді мекенге асырды.

- **«Жалпы ауылда атқарылған жұмыстар ауқымды. Соған тоқталып өтсем, бұған дейін Баймұрат батыр ауылында республикалық бюджеттен бөлінген 422,5 млн. теңгеге дәрігерлік амбулатория қалдалануға берілген. Бұған қоса «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Талдыарал елді мекенінің 1-көшесіне - 2,9 млн. теңгеге (ҚБ) және «Ауыл-ел бесігі» жобасы бойынша Баймұрат батыр ауылының Тоғай-1 көшесіне - 4,2 млн. теңгеге (ОБ) түнгі және жарығы орнатылды. Сондай-ақ, Талдыарал елді мекенінде 1,9 млн. теңгеге (ҚБ) балалар ойын алаңы салынды.**

Баймұрат батыр ауылының жаңадан қалыптасқан көшелеріне тас жол салуға қажетті қаржының 31,1 млн. теңгесі (РБ) бөлініп, 2 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілген болатын. Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында бұл

жұмыстардың жалғасы 17 көшеге қиыршық тас төсеу үшін 292 млн. 245 мың теңге (ҰБ) бөлініп, жұмыстар 90% орындалды. Жобаның жалпы құны - 372,4 млн.теңгені құрайды. Сондай-ақ, биыл Талдыарал елді мекенінің 1-көшесіне көше жарығын орнату жұмыстарын жалғастыруға - 3,1 млн.теңге (ҚБ) бөлінді. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады», - деді қала әкімі.

Есепті кездесу барысында алдағы уақытта Талдыарал елді мекенінде су тарту насос станциясының құрылысы басталатыны мәлім болды. Бұл жұмыстарды жүргізу «Бак-Береке» ЖШС еншісіне жүктеліп отыр. Қазіргі таңда аталмыш жұмысты жүргізуге қажетті алғашқы 64 млн.теңге облыстық бюджеттен бөлініп отыр. Жобаның жалпы құны - 656,9 млн.теңге.

Сонымен қатар ауылдан демейшілік негізінде жабық спорт кешенін салуға «МКЗ Проект» ЖШС-мен ЖСҚ әзірленіп жатқаны айтылды. Сол сияқты «AST Group 2030» ЖШС-нің демейшілігімен Баймұрат батыр ауылының шет аймағында жаңадан қалыптасқан 10 көшеге ауыз су құбырын тартуға ЖСҚ дайындалуда екен.

Елді мекендегі елулі жұмыстар мұнымен шектелмейді. Атап айтқанда, Баймұрат батыр ауылына құны 182,0 млн. теңге (РБ) болатын аяқ су жүйесіне науа (лоток) салу жұмыстарына және 5 көшеге жаяу жүргіншілер жолын жүргізу үшін 73,9 млн. теңгеге (РБ) ЖСҚ дайындалып, сараптама қорытындысы алыныпты. Соның негізінде қазіргі таңда республикалық бюджетке өтінім ұсынылғанын жеткізді.

Есепті жиында ауылдың өшекті мәселелері де әңгіме өзегіне айналды. Оның ішінде Талдыарал елдімекеніндегі Құбас көшесіне электр желілерін жүргізу ерекше

атап өтілді. Бұл тұрғыда Құбас көшесінің электр бағаналары мен сымдарын жаңалау жұмыстары Тасбөгет РЭС-тің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына енгізіліпті. Соған орай күрделі жөндеу жұмыстары алдағы уақытта басталатыны мәлім болды.

Сол сияқты Ақжарма ауылдық округіндегі көпқабатты тұрғын үйлерге көгілдір отын жүргізу ісі назарда тұр. Осы мақсатта мердігер «СМП Қызылорда» ЖШС-гі мен «ҚазАзАймақ» АҚ мекемелері тарапынан заңдылыққа сәйкес көгілдір отынмен қамтамасыз ету жолдары қарастырылуда. Бұған қоса ауылдық округке ұялы байланыс және интернет желісін тарту мәсесі ерекше назар аудартады. Оның ішінде Теле-2 ұялы байланысына қосымша Биалайн сынды өзге байланыс түрлерін орнату мақсатында «Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясына тиісті хаттар жолданған. Соның негізінде жеке кәсіпкер тарапынан биіктігі 25 метрлік байланыс бағанасы орнатылып, құрылғыларын қосуға дайындық жұмыстары қарқын алған.


Халықты толғандырған мәселенің тағы бірі - Талдыарал елді мекеніне электр желілерін жүргізу мәселесі болып табылады. Бұл тұрғыда Талдыарал елді мекеніндегі жаңадан қалыптасқан жерлерге электр желісін жүргізуге жоба жасалып, оны іске асыру үшін конкурс ұйымдастырылыпты. Соның негізінде 29.03.2022 жылы №7048563-ОК1 ашық конкурс тәсілімен «Құрылыс компания «Ер-Қанат Сервис» ЖШС-і жеңімпаз болып танылған.

Алайда аталған жоба бойыншап Қоқарылыс-монтаж жұмыстары келісім-шарт бойынша жүргізілуіне байланысты қалалық құрылыс бөлімі 11.07.2022 жылғы №01-1/622 талап қою арызбен Қызылорда облысының мамандандырылған экономикалық сотына жүтінгені мәлім болды. Соған орай Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 14 қазандағы №4360-22-00-2/1296 шешімімен мердігер «Құрылыс компания «Ер-Қанат» ЖШС-і мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылып, құрылыс жұмыстарын аяқтау міндеттелген.

Қазіргі таңда «Ер-Қанат» ЖШС құрылыс компаниясы тиісті жұмыстарды аяқтауды міндетіне алып, ағымдағы жылы толық бітіруді жоспарлап отырғаны мәлім болды.

Жалпы есепті кездесуде елдің мәселесі жан-жақты талқыланып, халықтың сұранысынан туындайтын әрбір мәселелер оңтайлы шешімін табатын болып келісілді.

Кітапхана



— Қорқып тұр. Біз саған түкте істемейміз, түсе бер.

Қомша әлденеден секем алып, төмен түсті. «Әлгі баласы түспегірдің де кете қалғанын қарасаңшы». Ол құдық түбіне жетіп, сүйменін қолына алды. «Олар неге кетпей тұр? Мені тәлкек еткеннен не қызық тапты екен?»

— Ей, бері қара, — деген дауыс жоғарыдан санқ ете қалды. Қомша басын көтерді. Сол сәтте үстіне шүмектеп жылымшы су құйылды.

— О, әкеңнің!..

Қомша қолына сүйменін алып, тез-тез жоғары көтерілді. Ол шыққанда еріккен үшеудің ішек-сілесі қатып күліп тұр екен, шыққан бойы шалбар бауын байлап тұрған сұлу мұрттың жағасынан ала кетті. — Байдың баласы болмақ түгіл патшаның ұлы болсаң да жер қапты-райын, мазағыңа төзетін мен емес!

— Өй-өй, мына көр тышқан атжалман боп кеткен бе, қайтеді-ей!

Қомша сұлу мұрттың кеудесіне бүркіттей қонжиып, алқымын езіп жібергенде, ол өлердегі сөзін айтып, «енді тимеймін, көкетай» деп безек қақты. Екі жігіт қарап тұрсын ба, ұмар-жұмар боп жатқан екеуге жетіп келіп, Қомшаны аударып түсірді. Опай-топай алыс басталып кетті. Үйілген сары топырақ құдық ішіне сауылдай төгіліп жер астынан шыққандай ақ тозаң аспанға көтеріліп жатыр. Шыртып киінген сері жігіттер барқыт бешлентерінің рәсуа болғанына да қарамай үшеуі үш жақтан жабылғанымен, жалғыз құдықшыны ала алмай «ой, әкеңнің» деп ызаланумен жүр.

— Сүйменді, сүйменді әкеп! — деді құдықшының астында шаң қауып жатқан барқыт бешлентігі бірі.

Қомшаның жүрегі су ете қалды. «Шынымен бе? Шынымен мына үшеудің ойы бұзылғаны ма, бір мені тым құрыса матап байлап кетуге шамалары жетпеген соң сүйменмен соқпақ па? Астапыралла!» Ол орнынан атып тұрып артына жалт қарады. Маңағы құдық ішіне шүмектеткен жігіт сүйменді көтеріп, ұруға оңтайланып кеп қапты. Қомша жалт бергенде ауыр сүйменнің салмағынан өзін-өзі ұстай алмаған жігіт әлі шаңы бұрқырап жатқан жиырма құлаш құдыққа өкіріп құлап түсті. Төбелес пышақ кесті тыйыла қалды. Үшеуінен ес кетіп, құдыққа үңілді, будақтаған шаңнан ешнәрсе көрінбейді, тек үңқырсыған дауыс қана естіледі. Әлгі жігіттің бірі сол сәтте «ой, бауырымдап» сарнап қоя берді де, атына отырып ауылға қарай шаба жөнелді. ...Жігіттің мойын омыртқасы үзіліпті, сол күні жұлдыз шыға жантағісілім етті. Ол — осы ауылдың атақты байы Доскейдің үш күннен соң үйленгелі отырған ортаншы баласы екен. Қомшаның келешек өмірі-не армандай боп, ту алыстан сәуле шашып, оның әйеліне де, өзіне де ұйқы бермей алға сүйрелеген балдай тәтті үміт жел үрлеген шамдай лып етіп сәтті де, бұдан былайғы тіршілік жолын қараңғылық басты. «Бай баласын құдыққа итеріп өлтірді» деген жаладан қара басымды арашалап қалармын деп бөтен ауылдың ақсақал, қара сақалдарының шешімін күтіп бір жеті Аллаға жалбарынумен жатты. Бірақ, үміт зая болды. Ол байдың ұлын өлтірген қандықол боп табылды, оған куә — әнеүкүнгі екі жігіт. «О, ку құдай, маған енді құдық қазып күн көруді де көпсінген екенсің ғой!» деп аһ ұрғанда, оның екі көзінен жас пырт етіп ытқып кетті.

— О, бейбақ, — деді төрде отырған шал үнсіздікті бұзып, — осылай боларын білмеп пе ең. Мұсылман мұсылманның өлтіргенін көрмек түгілі естіген жоқпыз, сенің қалай дәтің барды?

— Ақсақалдар-ау, өлтірген мен емес, түсінсеңдерші, жіксіз күйіп барамын

ғой. Үй бетін көрмей құдық қазып тапқан өнімсіз қаржыма қарап отырған қатын-балам бар, соны аясаңыздаршы түге!

— Доғар. Қандықолыңды қатын-балаңның обалын айтып жуа алмай-сың. Бүгін кісі жібертеміз, жаны ашыса ауылыңның әкімдері айыбыңды төлеп алып кетер, жаны ашымаса өзің төлейсің, қолыңда малың жоқ екен, аманат тапсырасың, ер құнын өтеп болған күні аманатыңды қайтып аласың. Салған айыбымыз — отыз түйе, отыз жылқы, отыз сиыр.

...Қомша кеткен кісілердің жақсы хабармен келуін екі күн, екі түн бойы кірпік ілмей ұзақ күтті. Бастарына төнген қара күнді естігенде баласы мен әйелі не күйде болды екен? Оған бәрінен бұрын бататыны осы. Ақыры сарыла күткен кісілер де оралды. Шерәлі бай көнбепті, «Қомша дегенді керек десең танымаймын да, көрінген дуананың айыбын өтей беретін далада шашылып жатқан малым жоқ, пісіріп жесеңдер де мейілдерің, аманатқа баласын бере берсін» депті. Қомшаның көз алдындағы дүние төңкеріліп жүре берді де, сылқ етіп құлап түсті. Арада екі күн өткен соң үш айдан кейін оқуға бермек болған тоғыз жасар баласын қолынан жетектеп әкеп аманатқа тапсырып, кеудесі өксікке толып кете барды. Туған үйінің босағасына қай кезде қайтып ораларын да, жат жұрттың арасына неге, не үшін келгенін де, қоштасып жатып бетінен сүйген сәтте әкесінің не себепті көзіне жас алғанын да толық аңғара алмай, әйтеуір бейтаныс жерде қалып бара жатқанын ғана сезген баланың жасқа толы көздері жәутегенді, «көке-е!» деп еңіреп қала берді. «Тірі болсам жазға дейін жетермін, ұлым!» деп көкірек шері мен қайғысын баланына байқатпауға тырысып, әке сырт айналды да, тез-тез басып жүріп кетті.

Жаз өтіп, күз келді, бірақ, қайта оралған әке болмады. Сонау беткейден бері құлаған сары жолдан қылтиған қара көрнсе де «әкем бе екен» деп екі көзі төрт болып, тумай жатып жалғыздық жаласын шеккен қаршадай аманат бала тірі жетім, кісенсіз тұтқын боп жол тосумен жата берді. Сол жолдан көрінген қараның басқа емес Қомша болуын аманат бала былай тұрсын, Доскей де тағатсыздана күтті. Бұл баланы қолда ұстап отыра бергенде не табады, одан келер пайда қайсы? Бала етіп асырап алатындай ол перзентке зар боп отырған жоқ, барымташы, сойыл соғар етіп баулиын десе оның да ретін таба алмады: қанша дегенмен кеудесінде мейіздей қатқан кепі бар жат бала емес пе, ес білген соң елін тауып, оған жіберген еңбегі зая кетумен тұрмай екенсің, лағынан айырған киіктей тірі жетім етіп не табам, ал балаңды» деп аманатты апарып тастауды да ниет етіп көрді. Бірақ, бұлай етсе кек заңы, күн заңы бұзылып, өзін өлген баласының әруағы алдында, намысын кегі кеткен жауы алдында жығып берген боп шығатынын ойлап, «маған керегі мал болса, саған керегі жан екен, сен жанды қиғанда мен неге малды қимаймын, кімді кім жеңер екен, жата бер солай» деп ол да Қомшаның артынан екіншілей кісі жібертпей қырсығып, ол қырсықтығы сырттай да, іштей де ызаға айналып,

тым-тырыс жатып алды. Ең бастысы, көз ашқалы жайлауға таласып, ала көз боп келе жатқан және осыдан үш жыл бұрын қырық шақты жылқысын барымталап алып кетіп, көрер көзге зорлық жасаған менмен Шерәліге «пісіріп жесеңдер де мейілдерің» деген өз аулының баласын апарып беріп әлсіздік көрсеткісі келмеді. Қайыршысы түгілі қасы болса да бала сол ауылдың баласы ғой, оның мейірімсіздігі мен қатыгездігіне жұмсақтық жасап, тағы жеңілмек пе? Жо-о-оқ, ол бола қойма-ас! Күтіп бағармын, келмесеңдер, жарық дүниеде малай боп өткендер аз ба, бұл

малдың басы құралса қан шығарып, құран оқытып жіберейін. Әке-шеше құдайдан перзентті неге тілейді дейсің?!» Ол анасының кескін-келбетін де анық білмейді. Ана дегенде көзіне бар елестететіні — төңірдің жазғанына әбден мойынсұнып, қандай ауыртпалық болса да бәрін қабақ шытпай үнсіз көтеруге көндіккен, еріне, баласына деген ақ тілегін өз ғұмырынан да артық санайтын жұдырықтай ғана әйел. Үлкен үйге не керек болса — отау үйге де сол керек, жыртқы шаңырақ астындағы осы екеуінің көңілі жыртқы болмасын

СҮЙЕКШІ

да солардың бірі боп жүре берер».

Жерге алғаш қар түскенде Шерәлі ауылынан хабар да жетті. Жан түршік-тірер суық хабар. Арқа сүйер дәулетті ағайын-туысы жоқ Қомша байғұс жар құлағы жастыққа тимей, қайтсем баламды қолыма аламын деп зыр қағып жүріп зорығып, басқа бір бай ауылының құдығын қазып жатып, сол құдықтың түбінде мәңгілік көз жұмыпты. Мұны естігенде Доскей селт ете түсті. Өзгелерге сыр білдірмей түйіліп біраз отырды да, жұмған аузын ашпаған бойы орнынан тұрып кетті. Тек шығып бара жатып, үнсіз отырған басқаларға жайлап бұрылды да: «Мұны балаға айтпай-ақ қойыңдар» деді. Босағадан сыртқа аттай бергенде аманат бала қарсы ұшырасып: «Ата, көкем келе ме?» деп жәудірлей қарады. Доскейдің ішкі дүниесін әлдеқалай бір сезім аралап етіп, тула бойын ду еткізді. «Жоқ, бұлай тұра беруге болмайды, көрі көзге сенім бар ма, жас шығып кетіп жүрсе... Сорлы бала, — деді ішінен, енді сені қайтсем екен?» «Іә, жақында кеп қалар» деп айтқалы аузын аша бергенде өзімен ілесе шыққан үлкен ұлы: «Атанның басы. Әкең мұрдем кетті», — деп қойып қалды. Доскей жалт бұрылып, баласына оқты көзімен ата қарады. «Мұншалықты тас жүрек боп туылармысың» деді ішінен. Сөйтті де, шырқырап жылаған баланың дауысын естігісі келмей, ауыл сыртына қарап тез-тез басып жүріп кетті. Қолындағы қамшысын қыса ұстап келеді. «Қайдан білейін. Тірі жанға мал табылар деп ем, жанашыры жоқ жалғыз екен дә. Бұйткенше абактыға айдатқаным жөн екен-ау. Сорың құрғыр сор бақта...» Дәл желке тұсынан дүсір естілді. Қуып жеткен баласы екен.

— Әке, мұныңыз не? - деді енгітіп.

— Не боп қалды?

— Жау алдына өзіңізді жығып бергелі жүрсіз бе?

— Жау кім?

— Шерәлі. Кеше малымызды барымталады, бас көтеріп кек қайтара алмадық. Туысымызды өлтірді, тағы отырмаыз аманат құнын ала алмай. Ертең кеп шаңырағымызды ортаға түсіріп, от басын ойран етеді. Сол ма енді кетпегені?

— Сонда не істе дейсің маған?

— Жұмсақтықты қойыңыз. Әкесі бауырымызды өлтірген баланы еліне қайтарып, тағы масқара болғалы жүрсіз. Сіз кешірсеніз де, інімнің әруағы үшін мен кешпеймін. Ертең құлағына ен салып, мал соңына жібертемін. Өйтпесек, жұрт алдында абырыдан жұрдай боламыз, ел бізді тыңдаудан қалады.

—Солай де.

—Солай, әке. Әлгі отырған кісілердің бәрі сіздің бұл мінезіңізге наразы боп қалды.

— Мейлі, білгендеріңді істендер. Бірақ, баланы ұрып-соғушы болмасын. Ол бейбақтың күнәсі жоқ. Ен саламын деген есерлігіңді қой, аманат бала екенін онсыз да танырмыз.

Сөйтіп, Тұңғыштың Тұңғыш аты жойылып, Аманат бала атанды да, он жасқа жетер-жетпес шағында малай боп мал соңына түсті. Бір жыл ішінде ол өз атын өзі ұмытып, «атың кім?» десе «Аманат» деп жауап беретін болды. Мейірімсіз тағдыр тұт таппағандай бейкүне, дәрменсіз баланы осылайша тумай жатып тәлкекке айналдырды.

Бой-бой боп терлеп кетіпті. Жамбасының шаншуы қойған-ау, шамасы, сол жақ қырына аунап түскенде де ауырсынған жоқ. Сәл салқындайын деп бетін ашты. Жылғыа үйреніп, терлеп жатқандықтан ба, суық ауа мірдің оғындай арғы-бергісінен өтіп, қарып түсердей болған соң киізді қайта жаба қойды. «Жастығы құрғыр тағы түсіп кеткен екен-ау, - деді ішінен. Өйтпесе, мұншалықты ызғар соға қоймас еді. Мейлі, түсе берсін. Орныман тұрсам тер қатып, тағы бір арылмас бөлеге душар болармын. Ұзамай таң да сіз беріп қалар. Ұйқым қайда кеткен сірә? Әке-шешем нағып бүгін көзіме көп елестеп жатыр? Тым болмаса жұмасына бір рет отқа май тұтатпай кетіппін-ау, өлі әруақтар дәметіп жүр ғой жарықтық. Бүгін тым болмаса біреуін де бітіре алмағанымды қарасаншы. Бү күндегі жұрт айтқан үдесіне жетуді де ұмытып барды. Берем деген нәресін әні-мінімен сөзбұйдаға салып, ақыры жоқ қылады да, әруақ ақысын ұмытады, о, Алла, өзін сақтай гөр! Өзім барып сурамаушы ем, ертең екі-үш тиесілі кісіге жолығайыншы, бір

деп әкесі айлап, апталап мал табудың жолына кеткенде анасының мұны қыса құшақтап еркелететіні, даладан дүбір естілсе «әне, әкең келді!» деп елең ететін сәттері есінде мәңгі қалыпты.

Құдай-ау, содан бері қанша жыл, бірақ соның бәрі дәл кешегідей, күні кеше ғана болып өткендей. Бай да емес, хан да емес, қайыршы болсаң да тіршілік шіркіннің қаңтардың тоқты тірмас қысқа күніндей зу етіп өте шыққанын байқатпас өзіне лайық қызық-шылығы және бар екен-ау! Қүдіретіңе болайын қайран бес күн жалған-ай, десеңші! Анасы жайлы ойлағанда артта қалған өмірінің сонау бір түкпірінен осы бір шуақты сәттер алыстағы жұлдыздай сәуле шашса, одан кейінгі бір сәт сәуленің бәрін өшіріп, кеудесіне өксік пен қасірет құйып өтеді.

Ақпанның үсірік атқан боранды шағы. Ірі қарадан жылқы болмаса қалғандары қолға қарап тұр. Доскейдің үлкен ұлы Үкітай жылқышыларды шетінен боқтап, қырып кетердей боп жүр. Кеше он бір бие азда қалып, арам өліпті, жиырма шақтысы үшті-күйді жоқ, не қар астында қалғаны, не ұрының айдауында кеткені белгісіз. Қаңку сөзге қарағанда, бір топ жылқыны Шерәлінің жылқышылары айдап кетті деген сыбыс бар.

— Иттің ғана балалары, жылқы бақпай ай бағып жүрсіңдер ме? Табыңдар ертеңге дейін, таппасандар жерге тірі-дей көмемін! - деп ызалы айғайға бастей.

Былай шыққан соң қасындағы Өмекейге:

—Бұл Шерәліге қашанғы жем боламыз, құдай-ау! Кеудемізде намыс бар еркекпіз бе, езбіз бе? Бүйтіп тірі жүргеннен қара жерге кіріп кеткеннің өзі жақсы ғой, — деп күйінді.

— Қашанғы басынады, қашанғы басындыра береміз. Ойбай-ау, бірдеңе десендерші, жалғыз мен бе осы бас қамдарыңды ойлап отқа түсе беретін?

— Мен не дейін. Досекеңмен ақыл-дасу керек қой.

— Біз ақылдақсанаха ол бөрімізді қу кедей ғып бітер. Малымызды барым-талайды, үндемейміз, бауырымызды өлтіреді, үндемейміз, ертең қаңғыртып жібереді, тағы үнсіз кете бермекпіз бе? Ер құнын өтемей әне бір аманат баласын тастап тағы қорлап отыр. Ішіме намыс сыймай барады. Өңшең бөрік киген қатыңдар! Ана аманатын ат құйрығына байлап, есігінің алдына сүйреп апарып тастаймын. Өш алудың, кек қайтарудың бастамасы осы болсын, ермесендер жалғыз барамын, жалғыз!

— Бейшара баланы бүйтіп қорлағаннан не түседі?

— Ішімдегі ащы ызаның көбігі төгіледі. Ол иттің күшігі қайда жүр? Ей, Аманат! Үстіне иленбеген ақ теріден қаудырлақ келте тон киген жұдырықтай бала тай қорадан жүгіріп шықты.

— Аға, апанп келді ме?

— Келер сенің апан! Әуелі өзің бері кел. Бала жасқана басып, Үкітайдың қасына жақындады. Қолында өзінен биік сабы бар ағаш күрек. Бір жылдан асар-аспас уақыттың ішінде көңілі жасып, зеку мен боқтауға мойынсұнған. Қаудыр тонының етегіне жабысқан садыраны нәзік саусағымен тазалап, мырзасынан әмір күтіп, үнсіз төмен қарап тұр.

— Қалай, ауылыңа барасың ба? Баланың қуаныштан екі көзі от шашып, жүзі жайнап шыға келді.

— Барамын! Барамын, аға, барамын!..

— Ей, сақау! - деді Үкітай қора тазалап жүрген бір атшыға.

— Тез кел мұнда, арқан ала шық!

— Үкітай, бұл шының ба сенің?

— Қазір ойнайтын уақыт жоқ.

— Обалын қайтесің?

— Обалын жанашырлары ойламағанда мен қайтейін.

— “Сақау” деп шақырған кісі арқан алып жетіп келді.

— Байла мынаның қолын!

— Түсінбедім, миза?..

— Байла деймін, тас керең!

— Кімді... кімді дейшіз?

— Ой мигула сақау, баланың деймін! Жас бала қорыққаннан екі көзі алақандай боп, кейін шегіне берді. — Кеке... көкетай... Не істемексіз мені. Байламаңызшы, жалынамын, айтқаныңыздың бәрін істеймін...

— Мыйза-ау, жаш баланың жазығы жоқ қой...

— Өй, нәлеті, сен де басынған екенсің, қарның тойған екен бай жылқысының қартасына. Мә саған еңдеше!

Үкітай қолындағы дырау қамшысымен атшының басынан тартып жібергенде оның шекесінен қара қан бұрқ етіп, қар үстіне отыра кетті. Жерде жат-

қан арқанды алып, Үкітай үйінді қардың үстінде жан далбасамен өрмелеп бара жатқан баланы етегінен тартып алды да, шырқыратып қолын байлай бастады.

— Үкітай? - деді маналы бері өзер шыдап тұрған Өмекей олардың қасына жетіп келіп.

— Қоя бер баланы!

— Не дейсің?

Ол Өмекейге тесіле қарады.

— Қоя бер деймін.

— Неге?

— Баланың жазығы жоқ.

— А-а, солай ма? Бәлкім, інімді

құдыққа сен итеріп өлтірген шығарсың да, бұл күшіктің әкесін ұстап бере салған боларсың, әйтпесе, неге мұның жазығы жоқ дейсің?

— Қылмысты жасаса әкесі жасады, ол балада не кінә бар. Босат! Шырыл-датпа жетімді! Кек қайтарудың жолы мұндай болмайды. Осындайда пана болар кісі табылғанына қуанған бала қырғидан қашқан торғайдай жүгіріп кеп Өмекейдің етегіне жармасты.

— Көкетай, тимесіңші маған, қой деңізші. Айтқаныңыздың бәрін істеймін...

«Менің айтқанымның бәрін істеп не көгертерсің, жазған бала-а! Мен саған не айтармын, қаршадай бол сен не тындырмақсың. Бесіктен белі шықпаған балаға азап сыйлардай бұл неңді алып еді, о, сұм өмір!» Өмекейдің ет жүрегі езіліп кетті. «Обалыңның бір ұшы менде жатқанын сезбейсің-ау, байғұс, — деді ол ішінен. — Сол кезде шындықты айтсам мұндай күйге түспес те едің. Жалтаралып айтып, құдай алдында бір күнәға батсам, сенің қазіргі күйіңді ойлап қабырғам тағы қайысады. Әкеңнің қу тақыр екенін біз қайдан білейік. Шерәлі ауылынан деген соң жерден жеті қоян тапқандай бөріміз өре тұрып, одан есемізді бір қайтарайық деп ойлап қалмадық па? Қолдан келер не амал бар? Шындықты енді айтқанға маған кім илана қояды, мына тұрған елірме есерлер өзіме жабылмай ма? О, бейшара бала!» Өмекей Тұңғыштың маңдайынан сипап, арқасынан қақты.

— Қорықпа, саған ешкім де тимейді. Көктем шықсын, сонда апан да келеді. Жылама, көп жыласаң олар келмей қояды, білдің бе?

— Білдім.

— Енді жыламайсың ғой?

— Жыламаймын, — деді ол өксігін баса алмай тұрып.

— Бар, жұмысыңды істей бер.

Жат адамдардың арасынан бір жанашыр тапқанына қуанып, бала көңілі көтеріліп, қораға қарай жүгіріп кетті.

— Бәрің жаусыңдар, бөрің, шеттерің-нен! - деді Үкітай дәрменсіз айқайға басып.

— Сенгенім сен едің, енді сен де жауымының маңдайынан сипадың. Не боп барады бұ дүние! Жалғыз барамын, жалғыз! Шерәлінің отанына тым болмаса бір ойран саламын. Доскей ауылынан да бір еркек табылады екен ғой деу үшін барамын. Өлсем өлігім сонда қалсын! Өңкей жасық немерлер! Жылайын десең еркек басыңа мін, жыламайын десең ішің қазандай қайнап барады, бас көтерер бір жан жоқ. Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете бермек бәрі де. Ал, отырыңдар, от басында омалып! Үкітай үзеңгіге аяқ сала бергенде:

— Жол болсын! - деген Доскейдің салмақты үні естілді. Баласы жалт бұрылып әкесіне қарады да:

— Бүгіннен қалдырмай жинап бер жігіттеріңді. Өйтпесе, өзім аттанамын, - деді. — Қайда аттанбақсың?

— Кеше ғана бір үйір жылқыңды айдап кеткен Шерәлінің ауылына.

— Жылқыны айдап кеткен Шерәлі емес, боран. Өліктері табылды. Өй, балам-ай, — деді ол күрсініп.

— Сенде бар ыза, сенде бар намыс өзегеде жоқ деп ойлайсың ба? Жалғыз шауып не тындырмақсың, көп боп барып не бітірмексің? Бүкіл ауылыңды жиганда, Шерәлінің жарты ауылынан аса алмайды. Ақылмен істе, құр шабынғаннан түк өнбейді. Күштінің аты күшті. Ес жияйық, іргелі ел болайық, Доскей жайлап басып келіп, ағаш бұтайтын дөңкенің үстіне отырды. Қабағы тым салыңқы. Ар жағында шығара алмай тұрған бұдан да маңызды бір түйтікп бар сияқты. Бәрі де үнсіз. Әке қолындағы қамшының сабымен шашылған ағаш жаңқаларын бір жерге жинап, қайта шашып жіберді. — Әке, не болды? - деді Үкітай оның қасына келіп ақырын ғана.

— Өмекей, - деді Доскей ұлының сауалына жауап бермей.

— Құлағым сізде?

— Әкең үйде ме?

— Үйде.

— Малдарын шашыратпай жинап отырсын. Боран басылып, қар қатып, уақ мал жүретіндей болған кезде Қабантауға көшеміз.

— Не дейсің?

Екі жігіт қосарлана сұрады.

— Сол. Шерәліге жайлау тарлық етіпті. Болысекем бүгін о

ЖАНКЕНТ – СЫР БОЙЫНДАҒЫ ІРІ ҚАЛА

Ұлттық музейінің директоры Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлы, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан



Байманов Жанкент қалашығындағы археологиялық қазба жұмыстарының барысымен, жаңадан табылған тарихи-мәдени жәдігерлермен танысып қайтты. Сапар барысында Ұлттық музейдің басшысы мен облыс әкімінің орынбасары археологтармен кездесіп, жұмыс нәтижелерін жоғары бағалады. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру, табылған жәдігерлерді сақтау мен оны қорға алу жолдарын талқылады. Қазба барысында табылған жәдігерлер ортағасырлық кезеңнің сауда, мәдениет және діни салттарын зерттеуге тың серпін береді.

Жанкент қалашығы – Қазалы ауданындағы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші. Қазақстанның ортағасырлық, соның ішінде түркі-оғыз тайпаларының тарихын зерттеудегі маңызды нысанның бірі. VII–XII ғасырлардағы Сыр бойындағы ірі қалалардың бірі, Оғыз қағанатының астанасы саналған. Мұнда 2014 жылдан бері қазақстандық және шетелдік археологтардың қатысуымен кешенді зерттеу жүргізілуде.

Жанкент қорғаны — республикалық сипаттағы археологиялық ескерткіш. Қазалы ауданы территориясындағы Өркендеу ауылдық округінің орталығына іргелес жатқан биік төбе сияқты топырақ басқан қорғанның орнында VII - XIV ғасырларда **Жанкент, Янгикент** қаласы өмір сүрген.

Ресми деректер бойынша Жанкент қаласының орнын бірінші рет қазып, зерттеген орыс ғалымы П. И. Лерх. Ол көрген кезде қаланың ескі қабырғалары, кейбір архитектурасы, көшелерінің ізі әлі жоғала қоймаған. Сыртынан

қарағанда, Жанкент қаласының түрі үлкен төбе сияқты үйінді болып жатқан. Оның аумағы төрт бұрышты, жан-



жағы тұтасымен биік қыш қамалмен қоршалған. Қамал қабырғасының қалыңдығы 6 метрдей. Ең жақсы сақталғаны: оңтүстік қабырғасы. Онда қатар - қатар тізбектеліп, бірнеше биік мұнаралар, оқ ататын тесік көздер сақталған. Ең биік мұнара оңтүстік батысында болған. Қаланың ортасында жан-жағын қоршаған ескі сарайдың орны. Онда ел басқарушылары тұрған.

Үйлердің орнын, қабырғасын аршып көргенде, одан көптеген архитектура үлгісі, қабырғаға түсірілген суреттер, күйдірілген кірпіштер, көк, қызғылт



шынымен жапқан көзе тақталар, терракоталар, ғанышпен жасалған өрнектер, көзе сынықтары, араб жазуымен әшекейленген сауыттар, тағы сол сияқты өнер өрнектері табылған.

Жанкент қаласын қазғанда табылған өзгеше нәрсенің бірі — сол ескі дәуірлерде әдемі дүние жасайтын шеберхананың орны. Оны қазғанда ішінен кірпіш күйдіретін, көзе сауыт күйдіретін, әдемі глазурь шыныларының шеберхана орындары

табылған. Олардың барлығында сол кезде өндірісте істеген жұмыстардың қалдығы көп табылған. Соның бірі - араб әрпімен жазылған кірпіш. Шеберханада табылған қызық нәрсенің тағы бірі - глазурь қорытатын пештің қалдығы. Оның үстінде шойын қазан сақталған, оның іші қатып қалған глазурьдің ізі. Олардың бірталайы XIII - XIV ғасырдағы Алтын Орда (Дешті Қыпшақ) заманы мәдениетінен хабар береді. Жанкентте мыстан, күмістен жасалған XIII - XIV ғасырлардың теңгеліктері табылған.

Зерттеушілердің пайымдауынша, Жанкент Ұлы Жібек жолында жатқан сауда - саттықтың үлкен қаласы болған. Мұнда хан сарайлары салынған. Жанкент әдемі кілем шығарудың, түскііз жасаудың, ат сайманын, садақ, жебе жасаудың, көзе - сауыт шығарудың орталығы болған.

Кеңес үкіметі кезінде Жанкентті зерттеп, одан осы сияқты көп заттар тапқан ғалым - С.П.Толстов.

Тағы бір деректер бойынша Жанкент қаласы Мауереннаһр жерін Еуропамен, Индиямен, Иранмен байланыстыратын ұлы керуен жолында жатқан. Жанкент қазіргі Арал теңізі өңірінен шыққан ас тұзын шет елдерге саудаға шығарған. Еуропа елдері осыдан мың жыл бұрын ас тұзын осы Жанкент шаһарынан алдыртқан, оған дейін еуропалықтар тамақты тұз салмай пайдаланған екен. Жанкент қаласын, барша оғыздардың даңқын әлемге паш еткен Қорқыт Ата. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланнның айтуынша, Қорқыт VII - X ғасырларда Сыр бойын



мекендеген Қаңлы ұлысының бір табы - Оғыз руы - Қияттардан шыққан. Ол кезде бұрынғы қаңлылар енді «Қаңлы - Қыпшақ» немесе «Оғыз - Қыпшақ» аталып, олардың астанасы Сырдарияның жағасындағы «Жанкент» қаласы болған.

Қорқыттың туып - өскен қаласы осы — Жанкент.

Құншығыс әдебиетіне белгілі болған атақты күйші - музыкант Әбу Наср әл - Фараби, әдебиет, тарих, этнология,

археология ғылымдарының теңдесі жоқ білгірі корифей ғалым, академик Әлкей Марғұланнның анықтауы бойынша, Қорқыт терізді ол да осы Жанкентте туып, Отырарда өскен. Сондықтан кейін атақты ғалым өзінің лақап атын Фараби, не әл-Фараби деп атаған.

Облыста 567 тарихи-мәдени мұра нысаны мемлекет қорғауына алынған, оның 31-і республикалық, 256-ы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген, 280 нысан алдын ала есепке алынған.

Мәдениет және ақпарат министрлігі «Жібек жолы: Ферғана-Сырдария дәлізі» сериялық транслттық номинациясы бойынша Сығанақ, Жанкент қалашықтары мен Жетіасар мәдениет ескерткіштерін ЮНЕСКО-ның негізгі тізіміне енгізу жұмыстарын жүргізуде.

Облыстық бюджет есебінен жыл сайын ежелгі Бәбіш мола және ортағасырлық Жанкент, Сығанақ қалашықтарында кешенді археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, музейлер қоры 10 мыңға жуық экспонатпен толықтырылды. Табылған жәдігерлердің негізінде «Шірік Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» тарихи реконструкциялары жасалды.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында тарихи-мәдени мұраларды сандық форматқа көшіру және желі қолданушыларына қолжетімді ету үшін 3D форматтағы интерактивті карта (virtualmap.kyz) жұмыс жасайды. Сайт 2018 жылдан бері қолданыста.

Қала, аудан орталықтарына жақын орналасқан республикалық және жергілікті маңызы бар 194 ескерткішке QR-код орнатылып, қонақтар мен туристерге толық ақпарат ұсынылған.

«Қазақстанның жалпұлттық қасиетті нысандары» кітабында: Жазба деректерде Жанкент алғаш рет араб тарихшысы Ибн-Рүстемнің еңбегінде аталады. Сондай-ақ араб географы Ибн-Хаукал «Оғыздардың басты қаласы Жанкент болды, оны ирандықтар Нау-Керде, арабтар Әл-Харият, сарматтар Дахи Нау деп атаған»,– дейді. Жанкент атауының өзі Янгикент-Жаңакент-Жанкент (Жаңа қала) деген мағынаны білдіреді. Жанкент тарихы ғасырлар қойнауында жатыр. Қаланың гүлдену дәуірі IX ғасырдың 2-жартысы мен XI ғасырдың алғашқы ширегі.

Жанкент шаһары – аумағы 15-20 гектар, егіншілігі, саудасы мықтап өркендеген қала болды. Қала маңындағы суландыру жүйесі егіншіліктің шаруашылықтағы негізгі басты саласы болғандығын дәлелдейді. Ол кезеңде Арал теңізін Жент теңізі деп атаған. Жанкент тұрғындары осы теңіз маңынан үлкен тұз көзін тауып, Қытай, Иран, Үндістан елдерімен сауда қатынастарын жасаған. Қыпшақ-қимақ тайпалары мыңдаған малдарын айдап, Карлан өткелі арқылы Жанкентке келіп, сауда жасап отырған.

Шаһардың төрт қақпасы болған. Өрбір жұма күні шаһар орталығындағы базар алаңында сауда қызу жүріп отырған. Жанкенттің шығыспен батысты жалғастырып жатқан Ұлы Жібек жолы бойындағы тоғыз жолдың торабына орналасуы қаланың географиялық, экономикалық маңызын арттыра түсті.

Қытай жібектері, Үнді маталары мен жемістері, араб елдерінің құрмасы, науаты осы қалада сатылымда болған. Осылайша, Оғыздарда қалалық мәдениет жоғары дамыды.

1219 жылдың күзінде Сыр бойындағы оғызқыпшақ қалалары

моңғол шапқыншылығы салдарынан құл-талқан болып қирайды. 400 жыл бойы қалалық мәдениет жасаған оғыз-қыпшақ тайпалары тағы да көшпелі өмірге түседі. Моңғолдар салған ойран басылмай жатып-ақ, Жанкент сауда мен көленер орталығының бірі ретінде қайта көтеріліп, XIV ғасырда гүлдену шегіне жетті – делінген.

Бірқатар жыл бойы осы Жанкент қаласының орнында археологиялық қазба жұмыстары жүріп жатқаны белгілі. Бұл ретте тарих ғылымдарының кандидаты, “Археолог және этнография” ғылыми орталығының жетекшісі Ө.Тәжікеев осыдан 3 жыл бұрын «Бұған дейінгі деректерде көне қаланың IX-XI ғасырларда бой көтергені айтылса, жаңа зерттеулер шаһардың іргетасы VII ғасырда қаланғанын көрсетті. Ескерткіш бүгінде төрт жерден қазылып, археологтар заманауи инновациялық құрал-жабдықтардың көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Табылған жәдігерлер археологиялық зерттеулер зертханасында өңделіп, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына беріледі», - деген болатын.

Жанкенттен кейін Берік Әбдіғалиұлы мен Шахмарман Байманов Қазалы ауданындағы «Руханият орталығына» барды.

«Руханият орталығындағы» неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі келушілерге қызмет көрсетуде.

«БӘЙТЕРЕК» - ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ҒАРЫШ АРМАНЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев еліміздің Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралмағамбетовпен кездесті. Кездесуде еліміздің ғарыштық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды жобалардың бірі – «Бәйтерек» ғарыш-зымыран кешенінің құрылысы талқыланды. Аймақ басшысы бұл жоба өңір экономикасына тың серпін беретінін және жаңа жұмыс орындарының құрылуына жол ашатынын атап өтті.

- «Қазақстан мен Ресейдің бірлескен бұл бастамасы - қос мемлекеттің ғылыми-техникалық ынтымақтастығының жарқын үлгісі. Жоба «Байқоңыр» кешенінің, оның ішінде қаланың өркендеуі үшін аса қажет. Себебі, жобаны іске асыруда жаңа жұмыс орындары ашылып, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін берілетіні сөзсіз. Сонымен қатар, ғарыш-зымыран кешенінде экологиялық таза тасымалдағыштарды пайдалану – жалпы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. «Байқоңыр» кешені туризм, оның ішінде халықаралық туризмді дамыту тұрғысынан да ерекше тартымдылыққа ие. Осы орайда,

Аэроғарыш комитеті туризмді дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізгенін ерекше атап өткім келеді.

Кешеннің туристік әлеуеті жоғары нысандарына баруды рәсімдеуге арналған онлайн-платформа әзірленуде, туристік мақсатта пайдалануға болатын бірнеше ірі нысандар – «Гагарин бастары» алаңы, «Гагарин беседасы», «Энергия-Буран» монтаждау-жанармай құю кешені, динамикалық сынақтар стенді жалдан шығарылып, жаңа туристік маршруттар әзірленді. Бұл бастамалар өңіріміздің туристік әлеуетін арттыруға қосылған елеулі үлес деп есептейміз», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Ресми ақпараттар бойынша “Бәйтерек” ғарыштық зымыран кешені биыл қолданысқа беріледі. Жыл соңында ұшыру аймағына сынақ жүргізіліп, алғашқы әуе кемесі ғарышқа аттанады. Шынын айтқанда, қазақстандықтар бұл сәтті көптен бері асыға күтіп жүр. Өйткені жаңа ғарыштық зымыран кешені еліміздің ғарышты игерудегі жаңа қадамы. Ғарыш саласында ешкімге тәуелді болмай, жаңа мамандар бүгінгі күні 150 қазақстандық инженер мамандар жұмыс істеп жатса, алдағы уақытта ғарыш



үстіне коммерциялық жобалар арқылы қаржылық тұрғыдан да тиімді болады.

Негізі ғарыштық зымыран кешенінің құрылысы “Союз – 5” жаңа зымыран тасығыштарын ұшыруға арналған “Зенит-М” инфрақұрылымы базасында жүргізілуде. Кешенді 2028-ші жылдың мамырына дейін бітіру жоспарланған. Ал, биылғы жылдың желтоқсанында алғашқы ұшу сынақтары басталады. Кешен жылына 6-8 зымыран ұшыра алады.

Аэроғарыш комитеті төрағасы Б. Оралмағамбеттің айтуынша “Союз-5” зымыраны жер орбитасынан 17 тонна жүк жеткізе алады. Демек коммерциялық тапсырыстардың толық орындалуына мүмкіндік бар. “Бәйтерек” жобасында, яғни зымыран ұшыру айлағында бүгінгі күні 150 қазақстандық инженер мамандар жұмыс істеп жатса, алдағы уақытта ғарыш

айлағындағы қазақстандық мамандар қатары 350-ге жетеді деген жоспар бар.

“Бәйтеректің” тағы бір ұтымды тұсы оның экологияға қауіпсіздігі. Мәселен осы кешеннен ғарыш аппараттарын ұшырған кезде авиациялық керосин және сұйық оттегі түріндегі отын пайдаланылады.

Қазір елімізде 5 ғарыш аппараты бар екен. Олар спутниктік байланыс орнатып келеді. Енді “Бәйтерек” кешені пайдалануға берілгенде отандық ғарыш саласы жаңа деңгейге көтеріледі.

Жер кіндігі Байқоңырда отырып, ғарышты неге өзіміз игермейміз деген халық арманының орындалар күні де жақын.

Кездесуде Баубек Оралмағамбетов екіжақты әріптестіктің алдағы уақытта да нығая түсетініне сенім білдіріп, жоспарларды бөлісті.

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Сүлейменов Ерқасым журналистерге брифинг берді.

- Қызылорда облысында жыл басынан бері сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау бағытында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының тұрақтылығын бақылау - департаменттің басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта кәсіпкерлер мен сауда субъектілеріне бағаны шекті деңгейден асырмау бойынша тұрақты түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, арнайы жадынамалар таратылды. Сонымен қатар, бағаны негізсіз өсірудің жолын кесу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық түсіндіру белсенді түрде жүргізіліп келеді. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында да нақты нәтижелер бар. Есепті кезеңде азаматтардан түскен өтініштер заң талаптарына сәйкес қаралып, тұтынушыларға құқықтық көмек көрсетілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде тұтынушыларға 6,8 миллион теңге қайтарылуына ықпал жасалды. Сондай-ақ, тұрғындарға тегін кеңес беру, сатушыларға наразылық дайындау және сотқа талап арыздар әзірлеу бойынша да қолдау тұрақты түрде көрсетілуде. Алдағы уақытта департамент тұтынушылардың құқықтарын қорғау және әділ сауда қалыптастыру бағытында жұмыстарды жалғастыра береді. Біздің негізгі мақсатымыз - тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғау және сапалы қызмет көрсету мәдениетін қалыптастыру - деді Ерқасым Жайбергенұлы.

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ТАСАДА ҚАЛМАЙДЫ

ҚАРАУЫЛТӨБЕ ҚАРАҢҒЫДА ҚАЛМАЙДЫ

Қала әкімінің іргедегі Қарауылтөбе ауылдық округі тұрғындарымен кездесуі көптеген мәселелердің оңтайлы шешілуіне негіз қалайды деп айтуға болады.

Жалпы аталмыш елді мекеннің бюджеті жыл санап еселеп артып келе жатқаны байқалады. Атап айтқанда, Қарауылтөбе ауылдық округінің жыл басындағы бюджеті 144,1 млн. теңге болып бекітілсе, бүгінгі күнге 220,8 млн. теңгеге артқаны мәлім болды. Шаһар басшысы өз кезегінде ауылда ел игілігі үшін атқарылған осы сынлы жұмыстарға егдей-тегжейлі тоқталып өтті.

- «Өздеріңізге белгілі, өткен жылы ауылда «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында қала бюджетінен қаралған 2,4 млн. теңгеге А. Құнанбаев көшесі (көшенің бас жағы) жарықтандырылса, «Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында республикалық

бюджет есебінен 30 млн. теңгеге округтің жаңа қоныс аумағындағы 7 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынды. Биыл ауылда қосымша 4 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Оның бірі - өздеріңіз көтеріп келген ауылдың өзекті мәселесі саналатын амбулатория құрылысын салу. Ал, келесі жүзеге асырылатын жоба ауылдың электр желілерін реконструкциялауға бағытталса, округтің жаңадан қоныстанушы аумақтың 5 көшесіне (2,4,6,7,8,9) түнгі жарық бағаналары орнату назарда тұр. Сондай-ақ, С. Байсейітов көшесіне балалар ойын алаңын орнату үшін жоба сметалық құжаттары әзірленіп жатыр», - деді қала әкімі.

Келесі кездесуде ауылдың өзекті мәселелері де назардан тыс қалмады.

Бұл тұрғыда қоғам тыныштығын сақтауға ықпал болатын ауылдық округтегі бос тұрған учаскелік полиция инспекторы қызметіне жақын арада адам тағайындау және сол ауылда тұруын қамтамасыз ету назарға алынды. Соған орай бұл лауазымға учаскелік полиция инспекторының көмекшісі аға лейтенант Н.Төлебаев тағайындалды. Сонымен қатар Иманов, Абай, Әбдіқалықов көшелеріне электр желілері мен бағаналарын орнату, тоқ көзін тарататын жаңа КТПН орнату жоспарда тұр.

Қазіргі таңда аталмыш жоба бойынша қалалық құрылыс бөлімі арқылы жалпы құны 348,2 млн. теңгені құрайтын ЖСҚ әзірленіп, сараптама қорытындысы алынған. Оған облыстық энергетика басқармасы тарапынан облыстық және республикалық бюджеттік өтінімдер ұсынылған. Нақты кезеңде мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланғаны мәлім болды.

Сол сияқты ауылдағы №179 орта мектептің жылу қазандығын газ желісіне ауыстыру мәселесі кезек күттірмейді. Соған орай қалалық білім бөлімі 9 мектеп және 9 балабақшаның бу қазандықтарын сұйық отыннан (дизель) сұйытылған отынға (газ) алмастыру мақсатында ЖСҚ құжаттарын әзірлеу үстінде екен. Соның негізінде жобалық іздестіру жұмысы (ПИР) құжаттарын



және ғимараттарды уақытша мекеме теңгеріміне алу үшін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне арнайы хат жолданған. Бұл тізімде аталмыш мектеп ғимараты да бар. Алдағы уақытта білім басқармасы облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөліп, жоспарлы жұмыстар жүргізіледі деп күтілуде.

Ауылдағы ағайынның тағы бір тілегі - Дәрігерлік амбулаторияның құрылысын салу. Бұл тұрғыда амбулатория құрылысы үшін Қарауылтөбе ауылдық округінен 3000 ш.м. жер учаскесі табысталып, құжаттары рәсімделген. Соған сәйкес аталған жоба бойынша «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» арқылы жоба құны 357,9 млн. теңгені құрайтын ЖСҚ әзірленіп, сараптама қорытындысы алыныпты. Быыл құрылысқа қажетті

қаржы толық бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланады деп жоспарланып отыр екен.

Тағы бір айта кететін жөйт, ауылдық округтегі ауыз су қысымы кпж жылдан бері көпті толғандырып жүр. Әсіресе, жаз мезгілдерінде ауылдық округтегі ауыз су қысымына байланысты шағымдар жиілейді. Соған сәйкес қысымды жоғарылату мақсатында қосымша құбыр жүргізу назарда тұр.

Осы мәселені шешу мақсатында ауылдық округтегі жаңадан қоныстанған аумақтарда орналасқан қыспақты мұнарасынан С. Байсейітов көшесі арқылы Ж. Әбдіқалықов көшесіне қосымша құбыр жүргізу қажеттілігі туындап тұрғаны нақтыланып, бүгінгі күні, аталған мәселе бойынша «Қазсушар» ШЖҚ РМК-нің «Сыр суы» филиалына хат жолданған.

Қала әкімі елді мекендегі осы секілді түйіткілдер түйіні рет-ретімен шешімін табатынына сендірді



ҚОСШЫҢЫРАУДА ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕ БАР?

Келесі кезекте әкім Қосшыңырау ауылдық округінің халқымен кездесті. Есепті жүздесу қосшыңыраулық ағайынның жарқын болашағына негіз қалайтын өміршең жобалардың жүзеге асырылу барысы мен алдағы міндеттер төңірегінде өрбіді.

Негізінен Қосшыңырау ауылдық округінің жыл басындағы бюджеті 149,9 млн. теңге болып бекітілгенімен, бүгінгі мөлшер 201,7 млн. теңгеден асып жығылады.

Қазіргі уақытта ауылдық округте 3627 адам тұрады. Оның ішінде, кономикалық белсенді халық саны 1608 адамды құрайды. Оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар саны - 586 адам болса, жұмыссыздар саны - 30 адам болып табылады. Ал 18 адам тұрақты жұмыспен қамтылғандар қатарына кіреді.

Сонымен қатар 2024 жылы ауылдық округ тұрғындарына «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары ұйымдастырылған. Сол арқылы 3 адам жастар практикасымен, 37 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 7 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жіберіліпті.

«Жалпы ауылдық округте өткен жыл бедерінде жол, жарық, көркейту-кегәлдандыру бағытында толағай тірлік атқарылды. Соның ішінде Досан елді мекеніндегі жаңа қоныс аумағының электр желісі құрылысына былтыр республикалық қазынадан 50,0 млн. теңге бөлінсе, биыл қосымша 307,1 млн. теңге қаралып, құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Сол сияқты Абай ауылының көшелерін (Телемұнара, Гагарин көшелері) түнгі жарық шамдарын орнатуға қалалық бюджеттен 3,7 млн. теңге бөлінсе, 10 млн. теңгеге (2024 ж. 5 млн. тг.

2025 ж. 5 млн. тг.) балалар ойын алаңы мен жаттықтыру алаңдары жөнделіп, жаңасы салынатын болады.

Ауылдық округте жол жөндеу жұмыстары да қарқынды жүргізіліп жатыр», - деді әкім.

Қала әкімі өз кезегінде ауылдық округтің өзекті мәселелерімен таныс екенін айтты, өзекті мәселелер кезең-кезеңімен өз шешімін табатынын мәлімдеді.

Соның ішінде Абай ауылындағы №138 орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі кезек күттірмейді. Алайда бұған дейін аталмыш мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін әзірленген жоба-сметалық құжаттарының жарамдылық мерзімі өтіп кетіпті. Осыған байланысты қалалық білім бөлімі тарапынан ЖСҚ-ға қайта түзету мақсатында қаржы бөлу жоспарланып отырғаны жеткізді. Сол сияқты Абай ауылынан жабық спорт кешенін салу жоспарда тұр. Бүгінде жабық спорт кешенінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге қалалық экономика және қаржы бөліміне 8,7 млн. теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылған. Тиісті құжаттар әзірлеп, сараптамадан өткесін облыстық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылу көзделіп отыр..

Мұнымен қоса Досан елді мекені мен Абай ауылындағы 4 көшеге қиыршық тас жолын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттары әзірленген. Аталмыш жоба құны 70,6 млн. теңгеге бағаланып отыр. Оған қалалық бюджеттен қаржыландыру үшін бюджеттік өтінім тапсырылыпты. Сол сияқты Абай ауылындағы сиыр фермасы жолына да қиыршық тас жол құрылысын жүргізу көзделіп отыр. Жалпы құны 55,5 млн. теңгені құрап, бұл бастаманың жобалық-сметалық құжаттары әзірленген. Оны қалалық бюджеттен қаржыландыру үшін бюджеттік өтінім де берілген.

Келесі кезекте фельдшерлік-акушерлік пункт, әкімдік және клуб ғимараттарын газға қосу мәселесі қозғалды.

Кездесуде тұрғылықты халықтың талап-тілегі тыңдалып, шешу жолдары талқыланды.

ҚЫЗЫЛӨЗЕКЕ КӨПІР КЕРЕК

Қызылөзек халқы қала әкімін жылы шыраймен қарсы алды. Кездесуде жыл шеңберінде атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге зор қолдау білдірді.

Халықтың пікіріне сәйкес, ауылдың әлеуметтік ахуалы артып келеді. Жыл шеңберінде атқарылған жұмыстар ауқымы соның айқын дәлелі болса керек. Алайда, шешім күтпелі мәселе де жоқ емес. Алайда тұрғылықты халық барлық түйткілдер түбегейлі шешімін табатынына нық сенім білдіреді.

Алдымен жыл бедерінде атқарылған жарқын жетістіктерге көз жүгіртсек, Қызылөзек ауылдық округінің жыл басындағы бюджеті 619,7 млн. теңге болып бекітілгенімен қазіргі уақытта қазына қаржысы 723,4 млн. теңгеден асып отыр.

- «Өздеріңізге белгілі, өткен жылы ауылдық округтегі инженерлік инфрақұрылымды дамыту мақсатында 2025 жылға өтпелі кезеңмен (переходящий) 1 млрд. 645 млн. теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырыла бастаған болатын. Соның бірі - ауыл тұрғындарының ең өзекті болып келген мәселесінің бірі - ауылдық округке қарасты 3 елді мекендегі электр желілерін қайта жаңғырту жұмысы еді. Бүгінде жалпы құны 1 млрд. 192 млн. теңгені

құрайтын бұл жоба сәтті жүргізіліп жатыр. Одан бөлек жалпы құны 452,1 млн. теңге болатын ұзындығы 3,2 шақырымды құрайтын 3 көшеге жол құрылысы басталды. Бұл жұмыстарға 2024 жылы бастапқы 134,0 млн теңге қаралса, 2025 жылға М.Жабағұлы тұйығының жол құрылысын аяқтауға 91,5 млн теңге қаралып, қалған 18,4 млн. теңге қаражаты жуырда қалалық бюджеттен бөлініп отыр. Сол сияқты биылға, яғни 2025 жылға осы жұмыстармен қатар, облыстық бюджеттен қаралған 326,0 млн. теңге қаражатқа жалпы ұзындығы 3 шақырымды құрайтын Сариев және Жабаев көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталды», - деп мәлімдеді бұл жайында әкім.

Кездесуде ауылда атқарылған жүйелі жұмыстармен қатар шешімін күткен күрмеулі мәселелер де талқыға түсті.

Ауылдағы сондай өзекті мәселенің бірі – Қараөзек ауылына кіре берістігі «Қожақ» автомобиль көпірі. Бұл өткелге күрделі жөндеу жұмысына биыл облыстық бюджеттен 292,297 млн. теңге қаражат бөлініп, көпір құрылысы қарқынды жүргізіле бастаған. Тиісті жұмыстарды «N Строй Сервис» ЖШС мердігер мекемесі қоға алыпты.

Ал Айнакөл ауылы тұрғындарының

өзекті мәселесі – «Айнакөл-1» көшесіне жол құрылысын салу екен. Жуырда бұл жұмыстарға қалалық бюджеттен 85 млн. теңге қаралғаны айтылды.

Сонымен қатар қалалық бюджеттен қаралған 26,269 млн. теңге қаражатқа ауылдық округке қарасты 3 елді мекенді ілесіп газбен қамту көзделіп отыр. Бүгінде оның жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, жоба мемлекеттік сараптамадан өткізіліп жатса керек. Сараптамадың қорытындысы шықса, жобаны республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсыныс беру жоспарланып отыр екен.

Қала әкімі өз кезегінде бұдан бөлек тағы 2 мәселені жеке бақылауына алып отырғанын айтты. Оның бірі; - Айнакөл ауылы, Айнакөл көшесі №4 үйде тұратын (отбасы мүшесі – 12 адам) отбасын үймен қамтамасыз ету болса, екіншісі - Қараөзек және Айнакөл елді мекендерінен балабақша мәселесі екенін жеткізді. Нақты уақытта бұл мәселелер бойынша тиісті бөлімдерге тапсырма берілген.

Кездесуде халық тарапынан ұсыныс-пікірлерімен қатар, әрбір атқарылған жұмыстарға ризашылығын жеткізген жұртшылықтың қаржы қалың болды.



ТАЛСУАТ ХАЛҚЫНЫҢ ТАЛАБЫ КӨП

Талсуат ауыллық округінде жалғасқан есепті жиын өзгеше өрнекте өрбіді. Тұрғылықты халық қала әкімінің әрбір сөзін қолдап, қуаттап, талап-тілектерін еш бүкпесіз ортаға салды.

Бұл ауылдық округтің де бюджетінде өсім бар. Нақты айтқанда, өткен жылы Талсуат ауылдық округтің бюджеті 138 млн. 162 мың теңге болып қалыптасса, биылға 160 млн.539 мың теңге болып бекітіліпті. Ең бастысы, елді мекенде ауылдың дамуына серпін беретін бірқатар жобалар қолға алына бастаған.

- «Сіздердің сұраныстарыңыз бойынша бірқатар инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Атап айтсам, 1-ші тұйық көшесіне түнгі жарық бағаналарын орнату бойынша жоба жүзеге асырылды. Жобаның жалпы құны-2 млн. 341 мың теңгені құрады. Тиісті жұмыстарды «МК-Сервис LTD» ЖШС қолға алды. Сол сияқты №3 тұйық көшеге тас төсеу құрылысын жүргізу бойынша 13 млн. 279 мың теңгеге жұмыстар жасалды. Осы орайда Сығанақ көшесіне тас төсеу құрылысын жүргізуге бюджеттен 22 млн. 44 мың теңге көлемінде облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арқылы облыстық бюджетке өтінім ұсынылды. Дегенмен оған қарамастан біз қалалық бюджеттен ақша қарастырып, мемлекеттік сатып алу конкурсын жүргізудеміз», - деді Нұржан Сәбитұлы.

Сонымен қатар қала әкімі Тағзым алаңында абаттандыру және көркейту мақсатында ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, ауылдық округ аумағында орналасқан әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргіншілер жолын салу және көше жарығын жүргізу, ауылдық округтегі ескі ауылдық клуб ғимаратының

жарамдылығына құрылған арнайы жұмысшы тобының жұмысын кеңінен баяндады. Сондай-ақ, ауылдық округтегі электр желілеріне кедергі келтіріп тұрған талдарды қырку жұмыстары қарқын алғаны жеткізді.

- «Өздеріңізге белгілі, бұған дейінгі кездесулерде айтылған ұсыныстарыңыз бойынша жаңадан салынған ауыз су ұңғымасын мердігер мекемеге қайта қаздырдық. Бүгінде тиісті жұмыстар «Қалалық құрылыс бөлімі» арқылы толықтай жүзеге асырылды. Су ұңғымасы қазылып, сараптама қорытындысы дайындалуда. Бұдан өзге, №178 орта мектеп және Заңғар бөбекжай балабақшасын газдандыру бойынша ПИР (жобаны есептеу), техникалық шарттар, жобалауға арналған сәулет-жоспарлау (АПЗ) құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтінім облыстық білім басқармасына ұсынылды. Соған орай демеушілік есебінен ЖСҚ әзірленуде. Алдағы жылу маусымына дейін мүмкіндігінше газға қосуға жұмыс жасайтын боламыз», - деді өз кезегінде қала әкімі.

Келесі кезекте Талсуат ауылдық округіндегі мектепке қосымша ғимарат салу бойынша, №178 орта мектепке қосымша құрылыс салу, Ақмешіт, Астана, Алматы, Отырар, Сауытбаев көшелеріне көше жарығын жүргізу, Құмкөл, Атырау, Ақмешіт, Нұрмағанбетов көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салуды қамтамасыз ету сынды халықтың сұранысынан туындайтын өзекті мәселелердің жүзеге асырылу барысы баяндалды.

Есепті кездесу барысында халық тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, олар көкейдегі сұрақтарына тұщымды жауап алды.

Е. ЖАЛҒАСБАЕВ